...Ел бірлігін сақтаған тағылықты айт.
Жамбыл

АТАМЕКЕН

Газет 1932 жылдан бастап шығады

№ 28 (5863)
15 шілде
сенбі, 2017 жыл

Жамбыл аудандық қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық басылым

atameken1932@mail.ru

♦ *Келелі кездесу*

ИНВЕСТОРЛАРМЕН ЖҮЗДЕСТІ

Жуырда «Тексан Қазақстан Инвест» ЖШС-нің бас директоры Диас Мелсұлы Қасымбек ауылындағы аталмыш зауыттың тыныс-тіршілігімен таныстыру үшін ауданымызға Біріккен Араб Әмірлігінің Дубай қаласындағы «Тексан Қазақстан Инвест» ЖШС филиалының директоры Исмаил Хаккыны шақырған еді. Осы іс-сапарында Исмаил Хаккы өзімен бірге Аджман әмірлігі үкіметінің бірінші орынбасары шейх Салим Сейф Салим Әл-Мажед Әл-Матруши мен көмекшілері Фарах Ашни Мустафа, Әл-Мухашер Хичамды ауданға ерте келді. Кездесу сәтін пайдалана отырып, ауданда жұмыс істеп жатқан басқа өнеркәсіп нысандары мен инвестициялық мүмкіндіктерін көрсету үшін аудан әкімінің орынбасары Нұрлан Ертас мырза шетелдік қонақтарды қабылдады. Қабылдау барысында Нұрлан Ертасұлы ауданның негізгі ұстыны ауыл шаруашылығымен байланысты екенін тілге тиек етіп, басқа да салаларға инвестиция тартып, кәсіп ашамын деген инвесторларға есік ашық екенін айтты. Сондай-ақ, Нұрлан Ертас ауданға шет мемлекеттерден келіп ұсыныс білдіріп жатқан инвесторлардың қатары көбейгенін, алдағы уақытта солармен бірлесе жұмыс жасайтынын айтып, қонақтарға аудан тарихын қысқаша түсіндірді.

Қонақтар ирандық «Империя Фуд» ЖШС-нің мал бордақылау алаңы мен салынып жатқан ет зауытына, «Табыс» шаруа қожалығынына барып жұмыстарымен танысты. Жамбыл ауданының ауыл шаруашылығы мен өнеркәсіп саласына өте қолайлы екеніне көзі жеткен шейх Салим Сейф Салим Әл-Мажед Әл-Матруши алдағы уақытта осы ауданда инвестициялық жобаларды іске асырамыз деген ниетін білдірді.

Е.ЕРКІН.

Жамбыл аудандық аумақтық сайлау комиссиясы хабарлайды

2017 жылғы шілденің 12-де Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 24 сәуірдегі № 555 Жарлығына сәйкес Бозой және Мыңбаев селолық округі әкімдерінің сайлауы өтті.

Сайлау қорытындысы бойынша:

Бозой селолық округінің әкімі болып **Сабиров Әнуар Жеңісбекұлы** сайланды. 1975 жылы туған, ұлты қазақ.

« Нұр Отан» партиясының мүшесі.

Мыңбаев селолық округінің әкімі болып **Баяманов Данияр Базарбайұлы** сайланды. 1978 жылы туған, ұлты қазақ.

С.С.МӘНКЕЕВА,
«Нұр Отан» партиясының мүшесі ,
Жамбыл аудандық аумақтық
сайлау комиссиясының хатшысы.

Аудан тұрғындарының назарына

2017 жылғы тамыздың 18-де, сағат 16.00-ден 18.00 аралығында «Нұр Отан» партиясының аудандық бөлімшесінде Алматы облысы бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл Департаменті басшысының орынбасары **ЖҰРМАҒАМБЕТОВ Алмас Хазизұлы** азаматтармен жеке сұрақтары бойынша көшпелі қоғамдық қабылдау өткізеді.

♦ **Ардагерлер – алтын қорымыз**

ӨНЕГЕЛІ ҰРПАҚТЫҢ ӨМІРШЕҢ ҮЛГІСІ

Өткен бейсенбі күні Жамбыл аудандық орталық кітапханасында «Қазақстан республикалық ардагерлер ұйымы» қоғамдық бірлестігінің құрылғанына 30 жыл толуына арналған салтанатты жиын өткізілді. Оны Жамбыл ауданы әкімінің орынбасары Дастан Шалтабаев мырза ашып, көпшілік алдында құттықтау сөз сөйледі.

Салтанатты шара барысында Отанға қалтқысыз қызмет көрсетуде үлгі көрсетіп, жас ұрпақ бойына атамекенге деген сүйіспеншілік сезімін сіңіруде өнегелі ісімен танылған бірқатар ардагерлерге аудан әкімінің орынбасары Дастан Тұрарбекұлы аудан әкімінің Алғыс Хатын тапсырып, гүл шоқтарын сыйлады. Осындай марапатқа Шолпан Талысбаева, Күміс Кемелбекова, Сәлім Бектенбаев, Жанат Тұрапов, Бақыт Әбдібаев, Ержігіт Жақыпбаев, Нұрғайша Тауасарова сынды ауданға кеңінен танымал ардагер азаматтар ие болды.

Жиында Қарғалы селолық округі әкімінің жанындағы бастауыш ардагерлер Кеңесінің төрағасы Сәлім Бектенбаев сөз сөйлеп, аталған ұйым құрылғалы бері оны Ұлы Отан соғысының ардагері, марқұм Оралбай Талысбаев пен бүгінгі басшылары Қырғызбек Атагелдиев сынды білікті адамдар басқарып келгенін тілге тиек етті. – Бүгінде Қарғалы ауылында 272 тыл ардагері мен 3 соғыс ардагері тұрады. Олар қоғамдағы маңызды шаралардың баршасына белсене араласып, ауыл тазалығын сақтауға, бала тәрбиесін дұрыс жолға қоюға атсалысып келеді. Жуырда 42 тыл ардагері ауыл әкімінің арнайы ұйымдастыруымен Қаскелең қаласындағы Тұңғыш Президент мұражайын аралап қайтты. Сонымен бірге шамамыз келгенше қауқарсыз қарт адамдардың тұрғын үйлерін жөндеуді назардан тыс қалдырмаймыз. Былтыр бірнеше үйдің шатырын қайтадан жауып беруге қол ұшын создық. Өйткені, осындай бейбіт өмірге біз солардың қажыр-қайраты арқылы жеткенімізді еш ұмытпаймыз, – деді Сәлім Бектенбаев мырза.

Аудандық аналар кеңесінің төрайымы, «Ақ әжелер» фольклорлық-этнографиялық ансамблінің жетекшісі Күміс Кемелбекова: – Құрылғанына отыз жыл болған ардагерлер ұйымы Жамбыл ауданында керемет жұмыстар атқарды. Облыста үнемі бірінші орыннан түспей жүргеніміз де сондықтан. Қазір де Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында алға қойылған өрелі міндеттерді жүзеге асыру үшін қарттар өз тарапынан барынша өнеге көрсетуде.

Дегенмен, әлі де қолға алынатын жұмыстар баршылық. Мәселен, ене мен келін арасындағы жарастық мәселесі, жас әкелердің бала тәрбиесіне назар аударуы үнемі назарда болса дейміз. Бұл орайда үлкендердің атқарар ролі зор. Осы тұрғыдан келгенде Жамбылдағы Жанат Тұраповтың, Балғабек Қыдырбекұлы ауылындағы Нұрғайша Тауасарованың үлгілі жұмысын ерекше атап өткен орынды. Аудандық ардагерлер ұйымын 13 жыл талмай басқарып келе жатқан Қырғызбек ағамыздың ұқыптылығын мен іскерлігіне де дән ризамыз, – деді Күміс Пармашқызы.

Шолаққарғалы ауылдық округіндегі ардагерлер бастауыш ұйымының төрағасы Бақыт Әбдібаев әріптестерін мерейлі жиын салтанатымен құттықтап, округ аумағындағы қарттарға көрсетіліп жатқан қамқорлық барысына қысқаша тоқталып өтті.

Қазақ КСР халық ағарту ісінің үздігі, қарғалылық ардагер ұстаз, Жамбыл ауданының құрметті азаматы Виктор Иванович Никитин қария мазмұнды әрі тұжырымды сөз сөйлеп, арнау өлеңін оқыды. Ол дәл қазір, әсіресе, сананы жаңаша шыңдау керектігіне, бұл орайда ардагерлер қауымының бәз біреулер ойлайтындай қоғамға масыл емес, қайта санаткер адамдар тобынан қалыптасқан аса білікті резерв екеніне баса назар аудартты.

Жиында сөз алған аудандық ардагерлер ұйымының төрағасы Қырғызбек Атагелдиев қария аудан көлемінде атқарылып жатқан ауқымды жұмыстарға аға ұрпақ өкілдерінің айтарлықтай үлес қосып жүргенін, және оларға да аудан әкімшілігі тарапынан әрдайым жеткілікті көңіл бөлінетінін, ұйымның жеке есепшоты ашылып, оған жыл сайын мекемелер мен кәсіпорындардан арнайы қаржы аударылатынын, соған сай 732 тыл ардагеріне зейнетақыларына қосымша ай сайын 2 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде қаржы төленетінін, осының бәрі қарттарға деген қамқорлықтың ерен көрінісі екенін зор ризашылықпен атап өтті.

Ақтерек ауылынан келген ардагер Бекжан Шонарбаев селолық округ аумағында тазалық сақтау, суландыру жүйесін реттеу арқылы аула мен бау-бақшаны көгалдандыру, кейбір жастардың отбасын жарастыру, мүгедектер мен тұрмысы нашар отбасына қамқорлық көрсету ісінде ілкімді жұмыстар атқарылып жатқанын айтты. Соңғы жылдары Темірлан Шәйнүсіпов сынды іскер басшының ауылды мүлдем жаңа сипатта өзгерткенін, егін және мал шаруашылығының да қарыштап дамығанын, соған сай ақтеректік үлгіні жаппай насихаттаса дұрыс болатынын еске салды.

Самсы ауылынан келген Мұхтар Шынтеміров мырза да ауыл тұрмысының соңғы жылдары барынша ілгері басқанын, әрбір үйге су жеткізілгенін, жан басының өсіп, үй санының көбейгенін, техниканың жеткілікті екенін атап айтты. Өзінің бағбандықты ықтиятты жолға қойып, 2 мыңнан астам түп алма ағашын еккенін мәлімдеді.

Мазмұнды мәселелер қозғалған ардагерлер жиынын аудан әкімінің орынбасары Д.Шалтабаев мырза қорытындылап, өркендеудің жаңа кеңістігіне алып шығатын сананың ашықтығын қамтамасыз етуде, ұлттық бірегейлікті сақтау мен білімнің салтанат құруы бағытында ардагерлер ұйымымен бірлесе жүргізіліп жатқан жұмыстар болашақта өз нәтижесін беретініне сенім білдірді.

Р. ТЕРЛІКБАЕВ.
Б. АЙТӘЛІ (фото).

Болашаққа бағытталған ұлы жоспар

Елбасының – «Ұлт жоспары: 100 нақты қадам» баршаға арналған қазіргі заманғы мемлекет бағдарламасы төрткүл дүниені өзіне қаратты. Сөзіміздің дәлелі ретінде айтар болсақ, Нобель сыйлығының лауреаты, Калифорния университетінің профессоры Финн Килланд «Назарбаев уақытты дөп басып отыр», – деген таңданысын жасыра алмаса, Израильдің бұрынғы Ұлттық банкінің басшысы Джейков Френкель: «100 нақты қадам» алып секіріске айналады», – деп, бұл бағдарлама қазақ елін жаһанданудың бет алған тұста жаңа бір белеске шығара алатынын зор сенімімен айтты.

Олар бұл сөзді жайдан-жай айтпаған болар. Себебі, әлемдік өзгерістерді қалт жібермей қадағалап отырған зерттеуші ғалымдардың назары қазақ еліне түсуі, мемлекет көшбасшысының ұсынған бағдарламаларының жаңа идеяларға толы болуында.

«100 нақты қадам» ұлт жоспарын тәуелсіздік алған алғашқы кезеңдерде айтса, халықтың дайын еместігін Елбасы жақсы білді. Сындарлы жылдардан ел көшін сүйреп, бүгінге жеткізуінің өзі ерен ерлікке жатады. Еліміз оң мен солын парықтап, кемеліне келген тұста, дәл қазір болашақ үшін Қазақстанның жарқын қадамдар жасауға шамасы, қуаты жететінін Елбасы тура бағамдай алды.

«100 нақты қадам» ұлт жоспарына қалың ел зор үмітпен қарайды. Әрине, «Нұрлы жол» мен «Қазақстан – 2050» стратегиясы да осы ұлт жоспарының аясына еніп отыр.

Ұлт Жоспарының кіріспесінде: «100 нақты қадам» – бұл Жаһандық және ішкі сын-қатерлерге жауап және сонымен бір мезгілде, жаңа тарихи жағдайларда Ұлттың дамыған мемлекеттердің отыздығына кіруі жөніндегі жоспары» екені атап көрсетілген. «Кәсіби мемлекеттік аппарат құру», «Заңның үстемдігін қамтамасыз ету», «Индустрияландыру және экономикалық өсім», «Есеп беретін мемлекетті қалыптастыру» деп аталатын бөлімдерден тұратын ресми құжаттың өн бойында мемлекет дамуының алдағы уақыттағы 100 нақты қадамы айқындалған.

М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының директоры Уәлихан Қалижан: «Мемлекеттік дамудың жаңа қазақстандық жолын айқындап берген Елбасы, Қазақстанның тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевтың қазіргі заманғы мемлекет құрудың 5 институттық бағыттарын айқындаған «100 нақты қадамы» ел өміріндегі ерекше саяси оқиға болды. Бұл көптен күткен реформа екенін әркім жүрек елегінен өткізіп, өткір сезініп отыр.

«Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» бағдарламасы енді «100 нақты қадаммен» толықты. Қоғамдық дамудың оң да, теріс те мысалдары көріне бастады. Сондықтан да ол мәселелерді сылап-сипап қана қоймай, кесел ретінде жұлып тастау қажет. Қоғам да тірі организм дегеніміз осыдан шығады. Ол үшін бес бағыттағы 100 нақты қадам жасау қажет болды. Оны неден бастау керек?! Әрине, кез келген мемлекеттің халқы өз мемлекетіне, заңына, индустриялық қуаты мен экономикалық өсіміне, біртектілік пен бірлігіне және халық алдында жауапты мемлекетіне берік сенуі қажет. Сонда ғана бұл бөлінісі ортақ, құндылығы бір, қуатты мемлекетке айналады», – деп тоқталыпты. Шынымен де, жаңғыру жолына түсу үшін де батыл қадамдар жасалу керек. Оған ұлтаралық татулық пен ынтымақ керек.

Жұмабек ШАЖАБАЕВ,
«Нұр Отан» партиясы
аудандық филиалы
төрағасының орынбасары.

Шын жүректен құтықтаймыз!

1992 жылғы шілденің 13-де Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың Жарлығымен ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті (ҰҚК) құрылған болатын. ҚР Ұлттық қауіпсіздік органдарының бірыңғай жүйесіне ҰҚК, әскери контрбарлау, ҰҚК-нің «Барлау» қызметі, ҰҚК-нің Шекара қызметі, арнайы мақсаттағы құрылымдар, ғылыми-зерттеу мекемелері мен өзге де ұйымдар кіреді.

Олар ел қауіпсіздігін, мемлекетіміздің егемендігін, аумағының тұтастығын, экономикалық, ғылыми-техникалық және қорғаныс әлеуетін қамтамасыз етеді. Олар – тыныштығымыздың сақшысы.

Ұлттық Қауіпсіздік Комитетінің қызметкерлерін мерейлі мерекелерімен шын жүректен құттықтаймыз, қажырлы еңбегінің жемісін көрсін деген тілектеміз!

Ізгі ниетпен: **«Атамекен» газетінің ұжымы.**

♦ Көңілдегі көркі ой

ЕЛ ДЕНСАУЛЫҒЫНЫҢ ЕРТЕҢІ ҮШІН

Сәрсенбі күні Алматы облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Асхан Байдуалиев арнайы жұмыс сапарымен аудандағы бірқатар медицина мекемелерін аралап, ондағы жағдаймен жан-жақты танысты.

Білікті басшымен Жамбыл ауданы әкімінің орынбасары Дастан Шалтабаев, Жамбыл аудандық орталық ауруханасының директор-бас дәрігері Доғдыргүл Молдахалықова бірге жүріп, Б.Қыдырбекұлы, Ақтерек, Қарақыстақ ауылындағы дәрігерлік амбулаторияларда, Тарғап ауылындағы фельдшерлік-акушерлік қосында, Самсы ауылындағы жаңадан салынған дәрігерлік амбулаторияда болды. Сонымен қатар облыстың бас дәрігері Ұзынағаш ауылындағы аудандық орталық ауруханаының инженерлік коммуникациясын, кір жуатын және от жағатын орнын аралады. Қарғалы аудандық ауруханасының кір жуатын және ас дайындайтын орнынмен танысқан соң ол Үмбетәлі, Қасымбек ауылындағы дәрігерлік амбулаториялардыда көзімен көрді.

Б.Қыдырбекұлы аулындағы дәрігерлік амбулаторияға барған кезінде басқарма басшысы мұндағы олқылықтарға байланысты осы ауылдан жаңа медицина мекемесін салу қажеттігіне көз жеткізді. Самсы ауылындағы дәрігерлік амбулаторияның жаңа ғимараты жуық арада пайдалануға берілуге дайын тұрса да, тексеру барысында оның бірқатар кемшіліктері бар екені анықталды. Тарғап ауылында жаңадан салынбашы дәрігерлік амбулаторияның жобалық-сметалық құжаттары дайындалып жатқанымен, мұндағы ауыл тұрғындарының аздығына байланысты дәрігерлік амбулаторияның орнына фельшерлік-акушерлік қосын салса да болатыны ескеріліп, құжаттарын қайта қарау керектігі туралы сөз болды.

Ақтерек ауылында да анықталған кемшіліктерге байланысты дәрігерлік амбулатория салу аса қажет деген шешімге келді облыстың бас дәрігері. Қарақыстақ ауылындағы дәрігерлік амбулаторияның жаңа ғимаратында жүргізіліп жатқан құрылыс қарқынының баяу екенін көрген басшы мұндағы мердігерлерге ескерту жасап, нысанды дер кезінде өзкізуді қатаң тапсырды.

Жамбыл аудандық орталық ауруханасының инженерлік техникалық жағдайына зер салып, кір жуатын және от жағатын жерін көрген А.Байдуалиев осы орындарды жөндеу қажеттігі туралы ұсыныс жасады. Автомашиналар базасының техникалық жағдайына байланысты бірқатар ескі автотранспорты жаңалау керектігін айтты.

Қарғалы аудандық ауруханасының кір жуатын және тамақ дайындайтын орнын жөндеу мәселесін де көтерді. Алдағы уақытта Қасымбек және Үмбетәлі аулында жаңа дәрігерлік амбулаториялар салуды жоспарға енгізу жөнінде тапсырма берді.

Жұмыс сапары барысында А.Байдуалиев мырза медицина қызметкерлерімен және бірнеше тұрғындармен жүздесіп, денсаулық сақтау саласындағы көкейкесі мәселелер туралы сөз қозғады. МӘМС, ұжымда және наукастармен қарым-қатынас арасында этика мен деонтологияны сақтау қажеттігін ескертті. Жұршылық тарапынан шағым түсірмеудің жолдарын нұсқады. Өзіне қойылған сұрақтарға мазмұнды жауап қайтарды.

Б.АЙТАЛЫ.

♦ Үшінші жаңғыру: бәсекеге қабілеттілік

Болашаққа нұсқаушы құжат

Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев жыл сайын халыққа арнаған Жолдауында ел экономикасын, әлеуметтік-тұрмыстық жағдайын, халықаралық бәсекелестік қабілетін шыңдауға, оның қарқынды дамуына нұсқаулықтар беріп, бағыттар бағдарлап отырады. Биылғы «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Жолдауы да – қазіргі жаһандық сын-қатерлермен күрес жоспары ғана емес, сондай-ақ болашаққа, «Қазақстан – 2050» стратегиясы мақсаттарына бастайтын негізгі көпір. Бірінші жаңғыру Қазақстанның тәуелсіздік алған алғашқы қиын-қыстау кезеңдерімен тұспа-тұс келді. Ол жылдары жоспарлы экономикадан нарықтық экономикаға батыл қадам жасалынып, аз шығынмен зор жетістіктерге қол жеткіздік.

Ал екінші жаңғыру Елорданың Астанаға көшірілуі және «Қазақстан – 2030» стратегиясының қабылдануымен сәйкес келді. Онда да мемлекетіміз елеулі табыстарға жетіп, әлемнің бәсекеге қабілетті 50 елінің қатарына енді. Асығы алшысынан түсіп, «ЭКСПО-2017» халықаралық көрмесін жоғары дәрежеде өткізіп отыр.

Енді үшінші жаңғыруда бірінші басымдық – экономиканың жеделдетілген технологиялық жаңғыртылуы туралы. Оның негізінде «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасын қабылдау тапсырылып, 3D-принтинг, онлайн-сауда, мобильді банкинг, цифрлық қызмет көрсету секілді денсаулық сақтау, білім беру ісінде қолданылатын және басқа да перспективалы салаларды дамыту жүйесін енгізудің басымдықтары ескерілді. Бұл заман талабына сәйкес, жаһанданудың жарқын үлгісі болып, мекемелердегі жұмыс барысын жеделдетумен қатар сапасын арттыруға да арналады.

Екінші басымдықта өндіріс салаларындағы экспорттық өнімдерді арттыру мәселесін қозғаған. Яғни, 2025 жылға қарай экспорттық шикізаттық емес өнімді 25% арттыру мақсаты алға қойылып, импорттық заттардың пайыздық мөлшерлемесін төмендету арқылы дүниежүзілік саудаға кешенді үлес қосуды меңзеп, жұмыс орындарын көбейтуді қолға алу мәні жайында айтылады.

Үшінші маңызды межеге тау-кен, мұнай-газ кешендерінің жұмысын жандандыруды қойып, шикізатты қорыту, оның экономиканың өрлеуіне тигізер септігін молайту туралы тұщымды тапсырмалар берілген. Сондай-ақ жылдың соңына қарай Жер қойнауы туралы арнайы заң қабылдауды қатаң тапсырды. Әрине, табиғи байлыққа бай Қазақстанның жер кеніштерін игілікпен игеру мемлекетіміздің даму жолын айқындап, бірыңғай қалыпқа салып, көздеген мақсаттарға жетуге игі әсер етсе керек.

Аграрлық секторды экономиканың жаңа драйверіне айналдыру туралы бөлімінде қамтылған нақты қадамдар бүгінде шаруашылық саласы мамандарының арасында қызу талқыға салынып, ол бойынша жұмыстар қарқынды жүргізілуде. Әлемде ірі аграрлық экспорттық өнім өндірушілердің біріне айналу үшін мемлекет басшысы тапсырмасымен «Made in Kazakhstan» брендінен экологиялық таза өнім эталонын жасау міндетімен жер-жерлерде көрмелер ұйымдастырылып, таза өнім сапасын арттыру қолға алынуда. Сондай-ақ, ауыл шаруашылығын әртараптандырып, 2021 жылға қарай азық-түлік тауары экспортын 40%-ға көбейту де ауыл шаруашылық саласының басты мақсатына айналуда. Елбасы Жарлығында осы талаптарға қол жеткізу үшін Үкімет пен әкімдерге мынадай шарттар қойған еді: «Біріншіден, субсидияларды бөлу қағидаларын қайта қарастырып, біртіндеп өнімді сақтандыруға көшу қажет; екіншіден, бес жыл ішінде 500 мыңнан астам жеке үй шаруашылықтары мен шағын фермерлерді кооперативтерге тартуға мүмкіндік беретін жағдай жасау керек; үшіншіден, өнімнің өңдеу сапасын жақсартып, тауарларды сақтаудың, тасымалдаудың және өткізудің тиімді жүйесін құру қажет; төртіншіден, еңбек өнімділігін белсенді түрде арттырып, өндіріс шығындарын төмендету керек; бесіншіден, жерді пайдалану тиімділігін арттыруға тиіспіз. Суармалы егіс алаңын 5 жыл ішінде 40%-ға кеңейтіп, 2 миллион гектарға жеткізу қажет; алтыншыдан, өндірісте сұранысқа ие аграрлық ғылыми зерттеулерге салынатын инвестиция көлемін арттыру керек», деген болатын.

Сондай-ақ, Жолдаудағы рухани жаңғыруға арналған тақырыптардың бірі – адами капитал сапасын жақсарту басымдығы. Мұнда білімнің сапасын арттыру мен қала мен ауылдың білім беру жүйесі алшақтығын болдырмау туралы мәселе қозғалады. Әлемдегі ақпараттардың 90%-ы ағылшын тілінде таратылғандықтан, жоғары сыныптарда барлық негізгі пәндерді алдағы уақытта ағылшын тіліне ауыстырудың мәні мен маңызы туралы терең түсіндіріледі. Сондай-ақ, мұнда арнайы білім алмаған ересектерге кәсіптік тегін білім беру мүмкіндігі жасалғандығы, оны пайдалану әр азаматтың өз құзырында екендігі ескертілген. Демек, қосымша білім алудың пайдасы орасан деген пікірді алға тартады.

Иә, Елбасының әр жылғы Жолдаулары мемлекетіміздің болашақ бағытының түзу болуына негізделген нұсқаушы құжат. Ал, ондағы тапсырмалар әр азаматтың келешегінің кемел де жарқын болуына барлық мүмкіндіктерді тудыратыны хақ. Сондықтан, қай салада еңбек етсек те, Жолдаудағы барлық қағидаларды ұстану басты міндетімізге айналмақ.

Майра АЛДАБЕРГЕНОВА.

Ардагерім – ардағым

«Нұр Отан» партиясы Жамбыл аудандық филиалы «Ардагерлерді ардақтайық» партиялық жобасы аясында «Ардагерім – ардағым» атты акция бойынша дөңгелек үстел өткізудің «Бірыңғай күнін» атады.

Аталмыш шараның мақсаты «Ардагерім – ардағым» акциясы барысында анықталған өзекті мәселелерді уәкілетті орган қызметкерлерімен талқылау болып табылды.

Күнделікті өмірде шешімін таппаған ҰОС мен тыл еңбек ардагерлерінің баспана, медициналық көмек мәселелерін қарастыру жолдары талқыланып, алдағы уақытта шешімі табылады деп күтілуде.

Қоғамдық тыңдау

Аудандық кітапхананың үлкен мәжіліс залында «Нұр Отан» партиясы «Кедергісіз келешек» жобасы аясында бірыңғай тақырыпта қабылдау ұйымдастырды.

Аталмыш шараға аудандық партия филиалының қызметкерлері, «Жамбыл аудандық жұмыспен қамту» орталығының басшысы Бақытжан Долданбаев, аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің бас маманы З.Мәдіғұлова, «Жамбыл аудандық мүгедектер қоғамы» қоғамдық бірлестігінің бас маманы Б.Асқарова, мүмкіндігі шектеулі азаматтар мен БАҚ өкілдері қатысты.

Шараның мақсаты – мүмкіндігі шектеулі тұлғаларды тұрақты жұмысқа тұрғызу үшін қолайлы жағдайлар жасау, оларды белсенді әлеуметтік және экономикалық өмірге тарту.

Шара соңында қатысушылар қойған сұрақтарына толық жауап алып, мекеме басшыларына алғыс білдірді.

Отан – отбасынан басталады

Елбасының «Қазақстан – 2030» бағдарламасындағы негізгі бағыттарының бірі – отбасы құндылығы болып саналады. Сол себепті, «Отбасын қолдау» апталығы аясында «Нұр Отан» партиясы Жамбыл аудандық филиалының ұйытқы болуымен аудандық орталық кітапханада «Жас отбасы және дәстүр» атты семинар-тренинг өтті. Кездесуге аудандық «Ақ әжелер» ансамблінің жетекшісі К.Кемелбекова, аудандық әйелдер кеңесінің төрайымы Г.Әлжанова, көпбалалы отбасылар, ақжаулықты аналар және үлгілі отбасылар қатысты. Отбасы – мемлекеттің іргетасы, қоғамдағы әр отбасының босағасы берік, мерейі үстем болмай мемлекеттің мықты болуы мүмкін емес.

Бауыржан АҚЫЛБЕКОВ,
Раушан АМАНҚҰЛОВА,
«Нұр Отан» партиясы Жамбыл аудандық филиалының кеңесшілері.

Кемел келешек үшін

Қазақстан халқы мен зиялы қауым өкілдері, мемлекеттік мекемелердің басшылары көптен бері талқылап келе жатқан Елбасы Жолдауы мен соңғы кезде жариялаған мақаласы кез келген жиналыстарда күн тәртібінен түскен емес. оны әркім өзінің қадари-халінше түсінуде.

Әрине, барша халық Елбасы мақаласындағы озық идеяларды қолдап, қуаттап отыр. Бұл болашаққа жасалған бағдар негізінің тым терең, мақсаты айқын, жүйесі сенімді екенін аңғартады.

Бағдарламалық құжаттағы мақаланың рухани жаңғыру деп аталуының өзі бекер емес. Ал жаңғыруды қозғайтын күш жастардың еншісінде. Себебі, өркениетті ел болу үшін өскелең ұрпақтың білімді, білікті болуы – заман талабы.

Жастар жаңашылдыққа, еңбек өнімділігін арттыруға әрқашан дайын болуы керек. Әрбір салада қызмет атқарып жүрген жастар өздерін Президенттің сенім артып отырған ізбасарлары екенін түсінгенде барып жауапкершілікті сезіне алады.

Жастардың барлығы прагматизм туралы Елбасының айтқан идеясын қуаттайды. Әрбір адам баласы өзгелермен теңелу үшін алдына мақсат қойып, жұмысты құлшыныспен тыңғылықты істейтін болса, кез келген кәсіпті қиындықсыз меңгере алады.

«Болашаққа бағдар Рухани жаңғыру» атты мақала жарияланбай тұрған кезге дейін халықымыздың көңілінде қоңыраулап тұрған бір сұрақ бар болатын. Сол мақала жарияланғаннан кейін халықтың көңіл-күйінде ерекше бір сілкініс пайда болды. Ол сілкініс ертеңгі болашаққа деген үкілі үміттің ұшқыны. Олай болатын себебі, бағдарламалық құжатта халықтың жалпы жағдайы егжей-тегжейлі таразыланып барып, еліміздің ертеңгі нұрлы болашағына толықтай негіз қаланып отыр.

Тәуелсіз еліміздің түбегейлі өзгеріске беталғаны қандай керемет бастама десеңізші! Себебі, бірінші баспалдақтан екінші баспалдаққа көтерілудің маңызды болатыны секілді. Халық санасына рухани сілкініс жасаған бағдарламалық мақаланың бағасы тым жоғары. Бұл қатпары қалың күрделі шешімді көрегендік танытып бағдарламаға енгізген Елбасымыздың еңбегі ерен, бәріміз осы бастаманы бір ауыздан қолдауымыз керек.

Елбасының мақаласындағы «Өмір сүру үшін өзгере білу керек. Оған көнбегендер тарихтың шаңына көміліп қала береді», – деген сөзінің астары түсінген адамға, көптеген сұрақтың жауабы мен тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін айтып тұр. Тәуелсіздік алғаннан бері өз шешімін таппай келе жатқан мәселе – рухани жаңғыру болатын. Міне, бұл бағдарлама халқымызды көне қалыптан шығып, заман талабына қарай бейімделіп, рухани азаттыққа бастаудың жолын меңзеп көрсетуімен ерекше.

Ата-бабадан мирас болып, сақталып келе жатқан салт-дәстүрлерімізді, болмысымызды сақтау – ұлттық кодымызды жоғалтпау дегендік. Рухани жаңғыру үшін жүрегімізді ашатын кілт тек ұлттық кодымыз ғана. Біздің жанымыз бен жүрегіміздің құпиясы сонда сақталып тұр.

Халқымыз рухани құндылықтарға қатысты бай мұраларын қайта жаңғырту үшін тұтас қоғам болып назар аударса, түйткілдер шешімі оңай табылар еді. Еліміздің еңсесі биік, келешегі кемел болу үшін ынтымағы жарасқан қоғам құруға атсалысайық!

Көгедай ШӘМЕРХАН.

Сүйінші!

КӘСІПОРЫНДАР – ЖЕҢІМПАЗ

Жуырда облыс орталығы Талдықорған қаласында Ілияс Жансүгіров атындағы Мәдениет үйінде Алматы облысындағы тауар өндірушілер форумының «Қазақстанның үздік тауары» атты республикалық конкурсы өтті. Аталмыш конкурсқа облыс аумағынан 50-ге тарта кәсіпорын қатысты.

Осы конкурста «Өндірістік бағыттағы үздік тауар» номинациясы бойынша Үңгіртас ауылындағы «Plast Invest Production» ЖШС-і дәрежелі III орынға ие болды. Ал, Қасымбек ауылындағы «Сұңқар Алматы құс фабрикасы» ЖШС-і «Халыққа – тауар» номинациясы бойынша II орыннан көрінді. Жоғарыда аталған ЖШС-дің басшылары мен қызметкерлерін жеңістерімен құттықтап, еңбектеріне табыс тілейміз!

Абзал ҒАЛЫМЖАНҰЛЫ,
Жамбыл ауданы кәсіпкерлік бөлімінің бас маманы.

Жедел профилактикалық іс-шаралар

Алматы ОПД ЖПҚ бастығының нұсқауына сәйкес, қоғамдық орындарда есірткі заттарды медициналық емес қолдану және есірткіні, психотроптық заттар мен прекурсорларды заңсыз жасау, қайта жасап шығару, сатып алу, сақтау, тасымалдауды анықтау мақсатында ағымдағы жылдың 10-14 шілде аралығында Жамбыл аумағында «Наркопроступок» жедел іс-шарасы өткізілді.

Жолда болатын түрлі қылмыстық оқиғаларды, жол ережесін бұзу фактілерін анықтау мақсатында ағымдағы жылдың 14-17 шілде аралығында «Қауіпсіз жол» атты профилактикалық жедел іс-шарасы Жамбыл ауданы көлемінде жүргізіледі. Мұның барлығы тұрғындардың қауіпсіз тұрмысы, өміріне төнген қауіпті болдырмау мақсатында атқарылатын жұмыстар деген дұрыс.

Анар КАРБОЗИНА,
Жамбыл АПБ жергілікті полиция қызметінің аға инспекторы,
полиция капитаны.

Бүгінгі күні дәстүрлі құқықтық теория мен практикада шағымданудың екі ықтимал жолдары әкімшілік және сотқа жүгіну болып табылады.

Мемлекеттік органдардың іс-әрекеттері мен шешімдерінің заңдылығын даулау мәселелері

Әкімшілік әдіс бойынша дау айту лауазымды адамдардың әрекеттеріне (әрекетсіздігіне), сондай-ақ мемлекеттік органдардың актілеріне (шешімдеріне) шағымды қарауды жоғары тұрған мемлекеттік орган (жоғары тұрған лауазымды адам) жүргізеді. Ал сот арқылы шағым беру сот органдарына жүгіну арқылы жүзеге асырылады.

Әкімшілік әдіс бойынша дау айту Қазақстан Республикасының «Әкімшілік рәсімдер туралы» Заңында көзделген тәртіппен жүзеге асырылады және аталған Заңда шағымдарды қарау тәртібі ашып қарастырылған Қазақстан Республикасының «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі» туралы Заңына сілтеме жасалады.

Сонымен қатар, Әділет министрлігімен жаңа редакцияда, «Әкімшілік рәсімдер туралы» Заң жобасы қарастырылуда. Аталған Заң жобасында мемлекеттік органдардың шешімдеріне шағымданудың жаңа тәртібі көзделген.

Жалпы, әкімшілік шағымдану туралы айтқанда, сотқа жүгінгенге қарағанда, дауды шешудің үшін жылдам жолы екенін және құжаттарды дайындау мен өңдеу тұрғысынан қарапайым болып келетіндігін атап өткен жөн.

Сондай-ақ, қолданыстағы заңнамаға сәйкес, әкімшілік әдіс бойынша дау айтуға мемлекеттік баж (басқа төлем) алынбайды яғни, тегін болып табылады.

Гүлнар БОТАЕВА,
Жамбыл аудандық Әділет басқармасының инспекторы, Қазақстан Заңгерлер одағының мүшесі.

АВТОРЛЫҚ ШАРТ

Автордың Қазақстан Республикасының «Авторлық құқық және сабақтас құқықтар Заңының 16-бабына сәйкес аталған мүліктік құқықтары толық немесе ішінара берілуі, сондай-ақ айрықша құқықтарды беру туралы авторлық шарт бойынша немесе айрықша емес құқықтарды беру туралы авторлық шарт бойынша пайдалану үшін берілуі мүмкін. Мүліктік құқықтарды қалай да болсын басқаға беру автордың және мүліктік құқықтар берілетін адамның қолы қойылатын жазбаша шартпен ресімделуге тиіс. Айрықша құқықтарды беру туралы авторлық шарт осы құқықтар берілген адамға ғана туындыны белгілі бір әдіспен және шартта белгіленген шекте пайдалануға рұқсат етеді және мұндай адамға басқа адамдардың туындыны осылайша пайдалануына тыйым салу құқығын береді. Егер айрықша құқықтар берілген адам бұл құқықты қорғауды жүзеге асырмаса, басқа адамдарға туындыны пайдалануға тыйым салу құқығын туындының авторы жүзеге асыра алады. Айрықша емес құқықтарды беру туралы авторлық шарт пайдаланушыға осындай құқықты берген айрықша құқық иесімен немесе осы туындыны сондай әдіспен пайдалануға рұқсат алған басқа адамдармен туындыны тең жағдайда пайдалануға рұқсат етеді. Авторлық шарт бойынша берілген құқықтар, егер шартта тікелей өзгеше көзделмесе, айрықша емес құқықтар деп есептеледі.

Авторлық шартта:

1) туындыны пайдалану әдістері (осы шарт бойынша берілетін нақты құқықтар);

2) құқық берілетін мерзім мен аумақ;

3) сыйақы мөлшері немесе туындыны пайдаланудың әрбір әдісі үшін сыйақы мөлшерін белгілеу тәртібі, оны төлеудің тәртібі мен мерзімі, сондай-ақ тараптар осы шарт үшін маңызды деп есептейтін басқа да жағдайлар көзделуге тиіс.

Авторлық шартта құқықтың берілу мерзімі туралы ереже болмаған жағдайда, егер пайдаланушыға бұл жөнінде шарттың бұзылуына дейін үш ай бұрын жазбаша хабарланған болса, автор шартты ол жасалған күннен бастап бір жыл өткен соң бұза алады.

Сонымен қатар, авторлық шартта құқық берілетін аумақ туралы ереже болмаған жағдайда шарт бойынша берілетін құқықтың қолданылуы Қазақстан Республикасының аумағымен шектеледі. Туындыны пайдалануға авторлық шарт бойынша тікелей берілмеген құқықтар берілмеді деп саналады. Шарт жасалған кезде белгісіз болған туындыны пайдалану құқықтары авторлық шарт мәселесі бола алмайды. Сыйақы туындыны тиісінше пайдалану әдісіне сәйкес түсетін табыс проценті түрінде авторлық шартта немесе, егер мұны туындының сипатынан немесе оны пайдалану ерекшеліктеріне байланысты жүзеге асыру мүмкін болмаса, шартта көрсетілген сома түрінде не басқаша түрде белгіленеді.

Авторлық шарт жазбаша түрде жасалуға тиіс. Туындыны мерзімді баспасөзде пайдалану туралы авторлық шарт ауызша түрде жасалуы мүмкін.

Авторлық шартта көрсетілген міндеттерді орындамаған немесе тиісінше орындамаған тарап екінші тарапқа келтірілген залалды, соның ішінде алынбаған пайдасын өтеуге міндетті болып табылады.

Дәулет ҚОЖАШЕВ,
Жамбыл аудандық Әділет басқармасының жетекші маманы, Қазақстан Заңгерлер одағының мүшесі.

Ауылы тазаның – ажары жарқын

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаев тазалық туралы: «Бұл орайда мен әрбір қазақстандық өзінен бастауы керек: өзінің үйінен, қаласынан, ауылынан бастауы, өзінің денсаулығы мен өмір сүру салты туралы ойлануы керек екенін баса айтқым келеді. Мұнсыз ешқандай жаңа өмір сапасы орнамақ емес», – деген болатын. Елбасының өзі осынау өрелі мәселе жайында нақты тапсырмалар белгілегеннен кейін соңғы жылдары тазалыққа айрықша мән беріле бастады. Алайда, соған қарамастан аудан жұртшылығын тазалыққа үйрету оңай болмай отыр.

Осы мақсатта Жамбыл ауданының әкімі Жандарбек Далабаевтың бастамасымен және ауыл әкімі Ескелді Қасымовтың ұйымдастыруымен әрбір сенбі күндері Ұзынағаш селолық округінде үйреншікті үрдіске айналған сенбілік ауылдың көркеюіне септігін тигізе бастады.

Сенбілік аясында ауыл аумағын күл-қоқыстан тазартумен қатар, ағаш егу, көгалдандыру жұмыстары жаппай қолға алынды. Жалпыхалықтық сенбіліктің ауыл көшелерінің тазалығын сақтап, экологиялық мәдениетті қалыптастыруда маңызы зор.

«Таза орта – ауладан басталады» демекші, қоршаған орта – біздің ортақ үйіміз. Сондықтан, оның көркейіп, гүлденуіне әрбір тұрғын бей-жай қарамай, қоқыс-қалдықтарын кез келген жерге тастамай, таза ұстауға атсалысқаны дұрыс. Бірақ, байқап жүргеніміздей, әлі де болса ауыл тұрғындары арасында тазалық шараларына қатысуда бейжайлық танытатындар аз емес. Мұндай олқылықтардың орнын толтыру мақсатында, «Жасыл Ел» жастар еңбек жасақшылары ауылдың тазалығы мен оның көгалдануына өз үлестерін қосып, әртүрлі тазалық акцияларын ұйымдастыруда. Өйткені, ортақ үйіміздің көркеюі өз ауламызды таза ұстаудан басталады.

Олай болса, аянбай еңбек етіп, Табиғат-Ананы ластамай, бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығарып, аудан тазалығын сақтауға бірігіп атсалысайық, ағайын!

А.СТАНҚҰЛОВА,
Ұзынағаш селолық округінің
жастар саясаты жөніндегі
әдіскер нұсқаушысы.

Халықты әлеуметтік қорғау саласында стационарлық жағдайда арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету мемлекеттік қызмет түрі туралы мәлімет алғыңыз келсе...

Жамбыл аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінде мемлекеттік қызметтің түрлерін алуға болады. Соның ішіндегі Халықты әлеуметтік қорғау саласында стационарлық жағдайда арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету мемлекеттік қызмет түрі туралы мәлімет береміз.

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 26 наурыздағы № 165 Бұйрығының 1-қосымшамен бекітілген «Халықты әлеуметтік қорғау саласында стационарлық жағдайда арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету стандартына» сәйкес стационарлық жағдайда тәулік бойы тұрақты немесе уақытша тұруға арналған, мемлекеттік және мемлекеттік емес меншік нысанында стационарлық үлгідегі ұйымдарда арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсетудің көлеміне және шарттары мен тәртібіне қойылатын талаптарды белгілейді, медициналық-әлеуметтік ұйымдар (бұдан әрі – МӘҰ) қызметінің тәртібін, медициналық-әлеуметтік ұйымдарға:

1) психоневрологиялық ауытқулары бар мүгедек балаларды (бұдан әрі – балалар);

2) тірек-қимыл аппараты бұзылған мүгедек балаларды (бұдан әрі – ТҚА бұзылған балалар);

3) психоневрологиялық аурулары бар он сегіз жастан асқан мүгедектерді (бұдан әрі – он сегіз жастан асқан адамдар);

4) бірінші және екінші топтағы мүгедектерді (бұдан әрі – мүгедектер);

5) егде жасына байланысты өзіне қызмет көрсетуге мүмкіндігі жоқ адамдарға (бұдан әрі – қарттар) МӘҰ қабылдау, ұстау, шығару (шығарып жіберу), уақытша шығу және ауыстыру шарттарын айқындайды.

Жоғарыда аталған санаттар бірлесіп қызмет алушылар болып аталады.

3. Стационар жағдайында қызмет алушылардың тәулік бойы тұрақты немесе уақытша (үш айға дейінгі мерзімге) тұруына арналған медициналық-әлеуметтік мекемелер (ұйымдар) стационарлық үлгідегі ұйымдар (бұдан әрі – стационарлық үлгідегі ұйымдар) болып танылады.

4. Осы стандартты меншік нысанына қарамастан стационар жағдайында арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсететін барлық субъектілер сақтайды.

5. Қызмет көрсетумен байланысты шығындар бюджет қаражаты есебінен өтеледі.

Стационарлық үлгідегі ұйымға қабылдау шарттары

1. Бюджет қаражаты есебінен арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету үшін қызмет алушыларды стационарлық үлгідегі ұйымдарға облыстардың, Астана және Алматы қалаларының халықты әлеуметтік қорғау саласындағы уәкілетті органдары (бұдан әрі – уәкілетті орган) қызмет алушының тұрғылықты жері бойынша аудандық (қалалық) уәкілетті жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар органдары арқылы жүзеге асырады.

2. Арнаулы әлеуметтік қызмет бюджет қаражаты есебінен ұсынылатын жағдайларды қоспағанда, мемлекеттік емес меншік нысанындағы стационарлық үлгідегі ұйымдар қызмет алушыларды қабылдауды шарт негізінде жүзеге асырады.

3. Арнаулы әлеуметтік қызметтердің кепілді көлемін ұсыну үшін өмірлік қиын жағдайда жүрген адам (отбасы) тұрғылықты жері бойынша ауданның (облыстық, республикалық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органына мынадай құжаттарды беру жолымен жүгінеді:

1) қызмет алушының жазбаша өтініші, ал кәмелетке толмаған және әрекетке қабілетсіз адамдар үшін – заңды өкілінің (ата-анасының біреуінің, қамқоршының, қорғаншының, асырап алушының, патронат тәрбиешінің және «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» 2011 жылғы 26 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Кодексіне сәйкес қамқор болуды, білім беруді, тәрбиелеуді, баланың құқықтары мен мүдделерін қорғауды жүзеге асыратын басқа да алмастыратын адамдардың, он сегіз жастан асқан адамның) осы стандартқа 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жазбаша өтініші немесе медициналық ұйымның қолдаухаты;

2) қызмет алушының жеке сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі – ЖСН) бар жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;

3) мүгедектік туралы анықтаманың көшірмесі (қарттар үшін талап етілмейді);

4) осы стандартқа 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша медициналық карта;

5) мүгедекті оңалтудың жеке бағдарламасынан үзінді көшірме (қарттар үшін талап етілмейді);

6) он сегіз жастан асқан адамдар үшін – соттың адамды әрекетке қабілетсіз деп тану туралы шешімінің көшірмесі (болған кезде);

7) зейнеткерлік жастағы адамдар үшін – зейнетақы куәлігінің көшірмесі;

8) Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектері және оларға теңестірілген адамдар үшін – Ұлы Отан соғысының қатысушысы мен мүгедегі және оларға теңестірілген адам мәртебесін растайтын куәліктің көшірмесі.

Аудандық (қалалық) уәкілетті жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар органы ауданның (облыстық, республикалық маңызы бар) жергілікті атқарушы органы арнаулы әлеуметтік қызметтер ұсыну туралы шешім шығарғаннан кейін бір жұмыс күні ішінде қызмет алушының тұрғылықты жері бойынша уәкілетті органға стационарлық үлгідегі ұйымға жолдама беру туралы сұрау салу жолдайды. Уәкілетті орган стационарлық үлгідегі ұйымға жолдама беру туралы сұрау салуды алған сәттен бастап бір жұмыс күні ішінде аудандық (қалалық) уәкілетті жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар органына стационарлық үлгідегі ұйымда кезектілік болмаған жағдайда жолдама не кезекке қою туралы хабарлама жібереді.

Егер кезекке қою туралы хабарлама берілген күннен бастап бір айдан астам уақыт өтсе, онда жолдаманы ресімдеу кезінде аудандық (қалалық) уәкілетті жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар орган алушыны қайтадан медициналық тексеріп-қараудан өту қажеттігі және осы стандартқа 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша медициналық картаны ұсыну туралы хабардар етеді. Қызмет алушыда медициналық қарсы көрсетілімдер болған жағдайда, жергілікті атқарушы органның арнаулы әлеуметтік қызметтер ұсыну туралы шешімі қызмет алушы онда медициналық қарсы көрсетілімнің жоқ екені туралы куәландыратын осы стандартқа 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша медициналық картаны ұсынғанға дейін тоқтатыла тұрады.

Мемлекеттік қызметтің стационар жағдайында арнаулы әлеуметтік қызмет түрін алу үшін туындаған сұрақтар бойынша Жамбыл аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөліміне хабарласуыңызға болады. Мекеме мекенжайы: Ұзынағаш ауылы, Қарасай батыр көшесі, № 261 үй. Мекеме телефондары: 2-15-63 қабылдау бөлімі, 2-26-32 әлеуметтік бағдарламалар секторы.

Ж.ҚАРЫМБАЕВ,
бөлім басшысы.

Еңбек – адам өмірінің мәні болып қала бермек. Жер бетінде жақсылық атты ұғым барда шынайы бақыт, еңбек бақыты да қоғамның бір құндылығы ретінде сақталатыны анық.

«Еңбек Жолы» конкурсына қатысыңыз!

Бүгінде әркім-ақ ауадан ақша жасап, еңбексіз табысқа жетуге құштар. Алайда, материалдық өндіріс ой өндірісінен кемшін түсіп, тиісті үндестік бұзылған қоғам қалайда дағдарысқа ұшырайды. Сондықтан, Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев 2013 жылдың 22 қарашасында арнаулы Жарлыққа қол қойып, Еңбек күнін жариялаған. Бұл мереке жыл сайын қыркүйектің соңғы жексенбісінде атап өтілетін болып бекітілген.

«Еңбек күні» мерекесі және оның негізгі мақсаттары – Мемлекет Басшысының Жалпыға ортақ Еңбек Қоғамын құру туралы идеяларының шеңберінде өнімді еңбекті ынталандыру, жастар арасында жұмысшы кәсіптерін насихаттау мен жұмысшы әулеттерінің көпжылдық дәстүрлерін нығайту болып табылады.

Еңбек етуге қызығушылықты арттыру үшін жасалып жатқан шаралар да баршылық.

Соның бірі үстіміздегі жылы өткізілейін деп отырған «Еңбек жолы» конкурсы.

«Еңбек Жолы» конкурсы жастарды еңбекті құрметтеу рухында тәрбиелеу, еңбек дәстүрлерін сақтау, көбейту мақсатында және үздік еңбек әулеттері мен өндіріс жұмыскерлерін айқындауға мүмкіндік береді. Конкурс «Жалпыға ортақ Еңбек қоғамы» ұранымен Еңбек адамының қоғамдағы беделін арттыруға және өнімді еңбекті ынталандыруға ықпал етеді.

«Еңбек жолы» конкурсын (бұдан әрі – Конкурс) өткізудің мақсаты:

1) Мемлекет басшысының «Қазақстанды әлеуметтік жаңғырту: жалпыға ортақ еңбек қоғамына қарай жиырма қадам» бағдарламалық мақаласының тиімді іске асырылуын қамтамасыз ету, ұрпақтар сабақтастығын сақтау;

2) еңбек адамдары туралы оң қоғамдық пікір қалыптастыру және жаңа еңбек әулеттерін құру үшін кәсіпорындар мен ұйымдарда жағдай жасау;

3) қазақстандықтар бойында Қазақстан Республикасы экономикасының дамуына елеулі үлес қосқан отандастарының жетістіктері үшін мақтаныш сезімін тәрбиелеу.

Кәсіпорынның (саласына қарамастан) барлық жұмыскерлері Конкурсқа қатыса алады.

Конкурс 3 номинациядан тұрады:

1) «Үздік еңбек әулеті» – еңбек өтілі ең ұзақ, марапаттары ең көп, ең көп санды әулет таңдалады.

Ескертпе

Конкурсқа меншіктің барлық нысанына қатысты ұйымдардағы еңбек әулеттерінің өкілдері қатыса алады.

Еңбек әулеті – бір ұйымның, бір отбасының екі және одан да көп ұрпағы болып табылатын (ерлі-зайыптылардың бірі немесе екеуі балаларымен немесе немерелерімен), қазіргі уақытта еңбек қызметін жүзеге асыратын және аталған ұйымдағы жиынтық жұмыс өтілі кемінде 20 жыл жұмыскерлер тобы. Еңбек қызметін бәрінен бұрын бастаған әулет өкілі әулеттің басшысы болып танылады.

Еңбек әулеті ауылдың, ауданның (қаланың, облыстың) қоғамдық өміріне белсенді қатысуға, жастарды кәсіптік бағдарлауға жәрдемдесуге, өз кәсібін насихаттауға тиіс.

2) «Өндірістің үздік жас маманы» – жұмыс өтілі 5 жылдан аспайтын, ең белсенді және еңбекқор өндіріс жұмыскері таңдалады;

3) «Жұмыс істейтін жастардың үздік тәлімгері» – жұмыс өтілі кемінде 20 жыл, жоғары тиімді жұмыс істейтін тәлімгер таңдалады.

Конкурсқа қатысу үшін мынадай құжаттар ұсынылады:

1) номинация көрсетілген, еркін нысандағы конкурсқа қатысу туралы өтінім;

2) жеке куәліктің көшірмесі;

3) номинация тақырыбы бойынша 1-3 минуттан аспайтын бейнеролик (қалауы бойынша жұмыс орны және дағдылары көрсетілген);

4) конкурсант туралы (жұмысы, отбасы, қызығатын ісі, хоббиі және т.б.) 1-3 минут компьтерлік презентация (Microsoft Power Point форматында);

5) еңбек әулетінің әр өкілінің немесе жұмыскердің жұмыс өтілін растайтын, жұмыс беруші куәландырған еңбек кітапшасының және өзге де құжаттардың көшірмелері/жұмыс орнынан анықтама;

6) жұмыс беруші немесе кәсіподақ берген ұсынымдық хат.

Бар болса (мынадай құжаттардың көшірмелері):

мемлекеттік немесе ведомстволық наградалардың, мадақтау қағаздарының, алғыс хаттардың көшірмелері;

біліктілікті арттыру туралы куәліктер (бар болса).

Конкурсқа құжаттар мемлекеттік немесе орыс тілінде ұсынылады.

Конкурсты өткізу мерзімдері:

– 2017 жылғы 25 шілдеден 20 тамызға дейінгі мерзімде өңірлік деңгейде конкурс өткізу;

– 2017 жылғы 29 тамызға дейінгі мерзімде Қазақстан Республикасы еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне өңірлік деңгейдегі конкурстың жеңімпазына материалдар ұсыну.

Бұл мерекенің мақсаты – еңбексүйгіштікке, еңбек ете білуге және еңбекке ынталы болуға тәрбиелеу. Кімде-кім пайдалы еңбекпен айналысса, сол адам қоғамның лайықты азаматы бола алады. Еңбек етуде ең басты да негізгі міндеттерінің бірі – қоғамға пайдалы болу.

Осыған сәйкес, республикалық «Еңбек Жолы» конкурсына белсенді атсалысуларыңызды сұраймыз.

Анықтама телефондары: 8-/72770/-2-13-66, 8-/72770/-2-22-60

Жақсылық ҚАРЫМБАЕВ,
аудандық жұмыспен қамту және
әлеуметтік бағдарламалар
бөлімінің басшысы.

Ж О Б А

Мемлекеттік тұрғын үй қорындағы тұрғын үйлерді пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшерін бекіту туралы

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 31-бабына, Қазақстан Республикасының «Тұрғын үй қатынастары туралы» Заңының 97-бабының 1-тармағына, Қазақстан Республикасы Құрылыс және Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істер агентігі төрағасының 2011 жылғы 26 тамыздағы «Мемлекеттік тұрғын үй қорындағы тұрғын үйді пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшерін есептеу әдістемесін бекіту туралы» №306 бұйрығына сәйкес аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының № 1, № 2, № 3, № 4, № 5, № 6, № 7, № 8, № 9, № 10 қосымшаларына сәйкес Жамбыл ауданының коммуналдық тұрғын үй қорындағы жалгерлік тұрғын үйлерді пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшері бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Ертас Нұрланға жүктелсін.

3. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ж.ДАЛАБАЕВ,
аудан әкімі.

Жамбыл ауданы әкімдігінің 2017 жылғы «__»_____ Мемлекеттік тұрғын үй қорындағы тұрғын үйлерді пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшерін бекіту туралы №_____ қаулысына 1-қосымша

Жамбыл ауданы Ұзынағаш ауылы Көкбастау көшесі №1,2,3,4,12 орналасқан мемлекеттік тұрғын үй қорындағы тұрғын үйлерді пайдаланғаны үшін тұрғын үйдің бір шаршы метрі үшін айына төлемақы мөлшері

Кондиниум объектісінің құрамына жатпайтын мемлекеттік тұрғын үй қорындағы тұрғын үйді пайдаланғаны үшін алынатын төлемақының мөлшерін есептеу кезінде мынадай көрсеткіштер қолданылды:

А – кондиниум объектісінің құрамына жатпайтын мемлекеттік тұрғын үй қорындағы тұрғын үйді пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшері (айына бір шаршы метр үшін, теңге);

Ц – тұрғын үйдің жалпы көлемінің бір шаршы метрін салудың (сатып алудың) құны (теңге);

Т – ғимараттың қызмет көрсету есептік мерзімі, жыл;

Р – пайдалануға, тұрғын үйдің ағымдағы және күрделі жөнделуіне, сондай-ақ жер учаскесін күтуіне қажетті төлемнің сомасы (айына бір шаршы метр үшін теңге).

Тұрғын үйдің жалпы көлемінің бір шаршы метрін салудың (сатып алудың) құны (Ц) ғимараттың құрылысына арналған жобалық-сметалық құжаттамаға сәйкес немесе ғимаратты мемлекеттік сатып алу қорытындылары бойынша анықталады.

Ғимараттың қызмет көрсету есептік мерзімі (Т) «Тұрғын және қоғамдық ғимараттарды қайта жаңарту, күрделі және ағымдық жөндеу» ҚР 1.04-26-2004 ҚН құрылыс нормаларына сәйкес анықталады.

Кондиниум объектісінің құрамына жатпайтын мемлекеттік тұрғын үй қорындағы тұрғын үйді пайдаланғаны үшін айына алынатын төлемақы мөлшері мынадай формула бойынша есептеледі:

А = Ц/Т/12+Р

Ц = 4 300 874 теңге / 77,8 (техникалық төлқұжаттың деректеріне сәйкес үйдің жалпы көлемі) = 55 281,2 тұрғын үйдің жалпы көлемінің бір шаршы метрін салудың құны (теңге);

Т = 49 жыл;

Р = 0 теңге;

А = 55 281,2: 49 :12 + 0 = 94 теңге бір шаршы метр үшін айына.

Жамбыл ауданы әкімдігінің 2017 жылғы «__»_____ Мемлекеттік тұрғын үй қорындағы тұрғын үйлерді пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшерін бекіту туралы №_____қаулысына 2-қосымша

Жамбыл ауданы Ұзынағаш ауылы Көкбастау көшесі № 5, 6, 7 10, 13, 14, 15, 16, 17, 18 орналасқан мемлекеттік тұрғын үй қорындағы тұрғын үйлерді пайдаланғаны үшін тұрғын үйдің бір шаршы метрі үшін айына төлемақы мөлшері

Кондиниум объектісінің құрамына жатпайтын мемлекеттік тұрғын үй қорындағы тұрғын үйді пайдаланғаны үшін алынатын төлемақының мөлшерін есептеу кезінде мынадай көрсеткіштер қолданылды:

А – кондиниум обектісінің құрамына жатпайтын мемлекеттік тұрғын үй қорындағы тұрғын үйді пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшері (айына бір шаршы метр үшін, теңге);

Ц – тұрғын үйдің жалпы көлемінің бір шаршы метрін салудың (сатып алудың) құны (теңге);

Т – ғимараттың қызмет көрсету есептік мерзімі, жыл;

Р – пайдалануға, тұрғын үйдің ағымдағы және күрделі жөнделуіне, сондай-ақ жер учаскесін күтуіне қажетті төлемнің сомасы (айына бір шаршы метр үшін теңге).

Тұрғын үйдің жалпы көлемінің бір шаршы метрін салудың (сатып алудың) құны (Ц) ғимараттың құрылысына арналған жобалық-сметалық құжаттамаға сәйкес немесе ғимаратты мемлекеттік сатып алу қорытындылары бойынша анықталады.

Ғимараттың қызмет көрсету есептік мерзімі (Т) «Тұрғын және қоғамдық ғимараттарды қайта жаңарту, күрделі және ағымдық жөндеу» ҚР 1.04-26-2004 ҚН құрылыс нормаларына сәйкес анықталады.

Кондиниум объектісінің құрамына жатпайтын мемлекеттік тұрғын үй қорындағы тұрғын үйді пайдаланғаны үшін айына алынатын төлемақы мөлшері мынадай формула бойынша есептеледі:

А = Ц/Т/12+Р

Ц = 4 300 874 теңге / 77,5 (техникалық төлқұжаттың деректеріне сәйкес үйдің жалпы көлемі) = 55 495, 2 тұрғын үйдің жалпы көлемінің бір шаршы метрін салудың құны (теңге);

Т = 49 жыл;

Р = 0 теңге;

А = 55 495,2 : 49 :12 + 0 = 94,4 теңге бір шаршы метр үшін айына.

Жамбыл ауданы әкімдігінің 2016 жылғы «__»_____ Мемлекеттік тұрғын үй қорындағы тұрғын үйлерді пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшерін бекіту туралы №_____қаулысына 3-қосымша

Жамбыл ауданы Ұзынағаш ауылы Көкбастау көшесі № 22, 23, 25 орналасқан мемлекеттік тұрғын үй қорындағы тұрғын үйлерді пайдаланғаны үшін тұрғын үйдің бір шаршы метр үшін айына төлемақы мөлшері

Кондиниум объектісінің құрамына жатпайтын мемлекеттік тұрғын үй қорындағы тұрғын үйді пайдаланғаны үшін алынатын төлемақының мөлшерін есептеу кезінде мынадай көрсеткіштер қолданылды:

А – кондиниум обектісінің құрамына жатпайтын мемлекеттік тұрғын үй қорындағы тұрғын үйді пайдаланғаны үшін төлем ақы мөлшері (айына бір шаршы метр үшін, теңге);

Ц – тұрғын үйдің жалпы көлемінің бір шаршы метрін салудың (сатып алудың) құны (теңге);

Т – ғимараттың қызмет көрсету есептік мерзімі, жыл;

Р – пайдалануға, тұрғын үйдің ағымдағы және күрделі жөнделуіне, сондай-ақ жер учаскесін күтуіне қажетті төлемнің сомасы (айына бір шаршы метр үшін теңге).

Тұрғын үйдің жалпы көлемінің бір шаршы метрін салудың (сатып алудың) құны (Ц) ғимараттың құрылысына арналған жобалық-сметалық құжаттамаға сәйкес немесе ғимаратты мемлекеттік сатып алу қорытындылары бойынша анықталады.

Ғимараттың қызмет көрсету есептік мерзімі (Т) «Тұрғын және қоғамдық ғимараттарды қайта жаңарту, күрделі және ағымдық жөндеу» ҚР 1.04-26-2004 ҚН құрылыс нормаларына сәйкес анықталады.

Кондиниум объектісінің құрамына жатпайтын мемлекеттік тұрғын үй қорындағы тұрғын үйді пайдаланғаны үшін айына алынатын төлемақы мөлшері мынадай формула бойынша есептеледі:

А = Ц/Т/12+Р

Ц = 4 300 874 теңге / 68,9 (техникалық төлқұжаттың деректеріне сәйкес үйдің жалпы көлемі) = 62 422 тұрғын үйдің жалпы көлемінің бір шаршы метрін салудың құны (теңге);

Т = 49 жыл;

Р = 0 теңге;

А = 62 422 : 49 :12 + 0 = 106,2 теңге бір шаршы метр үшін айына.

Балалық шақ – адам өміріндегі ауқымды кезең. Шыр етіп дүниеге келген сәттен бастап көретініміз тек ата-анамыздың бізге деген ыстық махаббаты, мейірімге толы құшақтары, мөлдіреген көздері, еркелеткен сөздері деген сияқты бірнеше сезімнің басын қосатын ең тәтті шағы десем қателеспес едім. Есейгенде сағына еске алатын, қайта оралып келмейтін, адам өміріне бір-ақ рет сыйға берілетін Алланың сыйы!

«Қолда бар алтынның қадірі жоқ» дейді ғой, бала кезімізде «тезірек есейсек екен» дедік. Есейген соң «бәрінен шаршадым, балалық шаққа оралғымыз келеді» дейміз. Бірақ не шара, ол біздің қолда тұрған іс емес. Сол себепті, кішкентай жасөспірім балаларға айтқым келетіні, балалық шақтың қадірін біліндер, ол қайтып келмейді және оны армандайтын адамдардың саны қаншама?

Балалық шақ деген сөздің өзін мен қызықты да көңілді оқиғаларға толы бір ертегі сияқты елестетемін. Себебі, баланың қылығы тәтті. Бала болған соң ойнайсың, күлесің, жылайсың, «жетіге келгенше жерден таяқ жейсің» дейді емес пе халықта. Әрине, жерден де таяқ жейтін кездер болып, қол-аяғымызды талай жаралап алдық. Сол жараның орны есейсең де бәрібір қалып қояды екен. Соның бәрі есейгенде күліп еске алатын тәтті естелікке айналады.

Уақыт өз әдетінше зымырап өтуде. Ал біз балалық шақпен қимай қоштасып, есейіп барамыз. Есейген сайын өткенге деген сағыныш күші артуда.

Өткеніме ризамын, бүгініме шүкіршілік етемін, ертеңіме сенемін! Ал осы бар бақытты сыйлаған, тура жол сілтеп, әрқашан қолдау көрсететін ата-анама алғысым шексіз!

Назерке ЕРТАЕВА,
Қайназар ауылындағы орта мектеп түлегі.

Сүйіспеншілігін оятады

Жаз келді. Жазбен бірге оқушылардың асыға күткен жазғы демалысы басталды. Бұл демалыс олардың жыл бойы армандаған демалысы. Осы демалысты мәнді де тиімді ұйымдастыру ата-ана мен мектептің де басты мақсаты.

Осыған орай, Қасымбек ауылындағы орта мектепте мектеп жанындағы «Күншуақ» жазғы лагері өз жұмысын маусым айының 5-нен бастаған болатын. Лагерьге 1-10 сынып аралығындағы оқушылар қамтылған. Оның жұмысы туралы арнайы іс-шаралар бекітіліп, балалар мен жасөспірімдердің жас және психологиялық ерекшеліктеріне сәйкес тілдік, спорттық, көгалдандыру, экологиялық, туристік топтармен дебаттық, таңдау және пәндік үйірмелер ұйымдастырылды.

Жас ұрпаққа салт дәстүріміз бен тарихымызды насихаттау мақсатында оқушыларды аудандағы мұражайларға апардық. Сонымен қатар аймақтық «Патриоттық әндер» байқауы өткізіліп, оқушылар өз еліне деген сүйіспеншілігін көрсетті.

Еліміздің болашағы жас ұрпақтың қолында. Ал осы жас ұрпаққа мемлекет тарапынан көрсетіліп отырған мұндай қамқорлық әр баланың жүрегіне Отанға, туған жерге, елге деген сүйіспеншілігін оятары анық. Дені сау ұрпақ еліміздің жарқын болашағы. Сондықтан балалардың жазғы демалысы жақсы өтуіне тілектеспіз.

Дамира АЛАШБАЕВА,
Қасымбек орта мектебі директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары.

Дәрігер кеңесі

Ботулизм және оның алдын алу

Ботулизм – сирек кездесетін, сау адамға кенеттен жұғатын тамақтан улану, орталық нерв жүйесінің зақымдануымен көрінетін тағам токсикоинфекциясының ауыр түрлерінің бірі.

Ауру көбінесе тағам өнімдерінің құрамында ботулизм уыттарының болуынан, яғни ауру қоздырғыштардың басымдылық көрсетіп, жүйке жүйесіне әсер етуінен болады. Ауру асқынғанда өлім-жітімге ұшыратады. Ботулизм қоздырғыштары табиғатта кеңінен тараған және топырақта, көңде, жеміс-жидекте, балықта, жемшөпте, мал азықтарында, жылы мал қораларда байқалады.

Ботулизмнің 90 пайызы үй шаруашылығында консервіленіп сақталатын тағам өнімдерін жаңсақ қолданғаннан туындайды. Банкілерде тұздалған және маринадталған саңырауқұлақтар, сүрленген, ысталған балықтар, шұжықтар, шикілей ысталған балықтар және т.б. тағам өнімдерін болымсыз термикалық өңделгеннен, нашар кептірілгеннен, тұздың қышқылдығынан, кемдігінен, ұзақ уақыт жылы жерде тұрғаннан ботулизмнен улану пайда болады.

Белгілері: адамның басы ауырып, айналуы, әлсіздік, ұйқысыздық, іштің ауруы, жүрек айнып құсуы, жүректің тоқтап қалуы, сезімсіздігі, ауыздың құрғауы, шөлдеу байқалады. Іштің кебуі және қатуы анықталады. Бірнеше сағаттан немесе 1-2 күннен кейін науқастың көру қабілеті төмендеп, көрген заттары қосарланып, көз алды тұманданады. Сонымен қатар жұтыну қабілеті де төмендеп жұтқыншағы ауырады, дем жетпейді, дауысы қарлығып, сөздерді түсініксіздеу болады. Немесе дауысы жоғалады (афония). Дене температурасы бір қалыпты немесе сәл жоғары деңгейде болады. Мұндай науқасқа дер кезінде медициналық көмек көрсетілмесе, 85 пайыз өлімге әкеліп соқтырады.

Алдын алу шаралары: дайындалған тағамды ашық қалдырмау, жылдам бұзылатын тағам түрлерін тоңазытқышта сақтау, консервілердің жарамдылық мерзіміне қарау, бомбаждалған (қақпағы көтерілген) болса пайдаланбау. Үй жағдайында маринадтау, консервілеу, тұздау кезінде технологиялық процесті қатаң түрде сақтау, тұзды өз мөлшерінде қолдану.

Ботулизм токсині 120оС температурадан жоғары қайнауда өледі. Сондықтан көкөністерді тұмшалау алдында банкілерді, қажетті заттарды 10-15 минуттай қайнату қажет. Сонымен қатар консервілерді, шұжықты, тұздалған азық-түлік өнімдерінің сақталу ережесін қатаң орындау керек. Көкөністер мен жемістерді мұқият жабыңыз, ас үйді таза ұстаңыз, жеке бас гигиенасын қатаң сақтаңыз. Үй жағдайында салат дайындағанда, жеміс-жидек, көкөніс тұздағанда, банкілерді залалсыздандырып, санитарлық тазалық талаптарын мұқият орындау керек екенін есте сақтаңыздар. Өз денсаулықтарыңыз өз қолдарыңызда екенін ұмытпаңыздар.

З.К.КҮШТЕКОВА,
Жамбыл ауданы ҚДС Басқармасының басшысы м.ғ.к.
А.ЖЕКСЕНБАЙ,
тағам объектілерін санитарлық-гигиеналық қадағалау бөлімінің жетекші маманы.

♦ Ел іші – өнер кеніші

АҚҚҰЛЫНЫҢ АҚЫНДЫҒЫ

1954 жыл екен. Қопа мен Тарғаптың ортасындағы Төбет өзенінің екі жағасына жайғасқан қойлы ауыл. Ел жайлауға шығар кез. Қораға мал келген уақыт болса керек. Өзеннен ала атын суарып шыққан Аққұлының көзі мойынағашпен қос шелекті шүпілдете толтырып алып, өзеннен бері беттеген үш келіншекке түседі. Бәрі таныс. Біреуі өзіне балдыз болып келетін Съезхан – Қамбылбайдың әйелі, екеуі оның жеңгелері – Дүйсеғұлдың әйелі Күлшін, Ұларбектің әйелі Секер. Аяндап келе жатқан Аққұлының есіне күйеулігі түсіп, атын екпіндете Съезханға тіреп:

– Өзеннен шықтың су алып,
Іңірде бетің қуарып.
Іліп ап кірсем жыраға
Қалар едің қуанып.
Екі жеңгең желпініп,
Өсек тауып ентігіп,
Қам көңілің жайланып
Шығар едің сен күліп, – дегенде, шаужайынан шап беріп ұстай алған

Съезхан:

– Мынау кім, бастыра ма, жын
қаққан ба?
Жоқ әлде, еңбегінен күн
қаққан ба?
Аланы алапестер мінеді
деуші еді,
Ұқсайсың өз теңіңді шын
тапқанға.

Аққұлы ала ат мініп алақтаған,
Делбедей су жағалап далақтаған.
Бақсыға мұны ұстап қаратайық,
Осылай іс қыла ма санатты
адам?
Байғұс-ау, сеніп сөйле
жамбасыңа,
Мен кепіл жыра кірсең
оңбасыңа.

Келіншекке соқтығар не
шамаң бар,
Тырнақ тиіп кетпесін таз басыңа, – дейді.

Аққұлы:

– Ол рас, туғаннан-ақ басым
қасқа,
Байқап сөйле албасты,
тілің тасқа.
Санаң болса мен сенің
жездеңмін ғой,
Өзіңе тиіп кетер сырымды ашпа.

Білесің Аққұлыны ала атымен,
Жол табады қайда да санатымен.
Күн кешкіріп, ауылға
мал да қайтты,
Салғыласып тұрмаймын
салдақымен.

Қолыңды тарт шаужайдан,
сөзім тамам,
Сұра әпкеңнен, біліп ал
қанша шамам.
Аялдасам өзіме жауап бермеймін,
Қақ жаратын екіге мен бір қабан, – деп, атын тебініп жүріп кетеді.

Съезхан:

Ей, алапес, тоқтатқын күлуіңді,
Содан сындыр жығылып
жілігіңді.
Әй, қақсалай, жылыстап
кеткенің бе-ей,
Әйтпесе қазар едім түбіріңді.
Бастаған соң бұл істі бөгелсеңші,
Ұмытпастай қылайын бұ күніңді.

Аққұлы:

– Тоқтар едім торы ала
жұлқынады,
Мен деп пе едің әр істен
қымсынады.

Екі жеңгең қасында әрең тұр ғой,
Қозып кетсе байғұстар ұмсынады, – дегенде, екі жеңгесі сөзді іліп әкетіп, біреуі:

– Ей, күйеу, бізде нең бар,
жын қаққан ба?
Бір келіншек жетпей
ме ымдасқанға, – десе, екіншісі:

– Үш жақтасақ боласың
сең соққандай,
Жылдам кетсең ол да олжа
жан баққанға, – депті.

Аққұлы:

– Тоқтасам асыл затым
сен қорлайсың,
Өлеңмен сүрінтердей
сен орлайсың.
Ортан жілік үзілсе жығылғаннан,
Артыңды ойла барлығың,
сен сорлайсың, – деп жүре береді.

Сонда Съезхан:

– Сөз кезегім кетпесін
мына тазға,
Тоқтатыңдар жеңгелер
сәл-пәл азға.
Ымыртта шашсыз басын
жалтыратпай,
Бір аунатып алайын мына сазға.

Аққұлы кетіп бара жатып:

– Күн қызылы батқанда
ымырт жүрер,
Саз жағалап шайтан мен
бұзық жүрер.
Сазға аунатсаң басымды
сен де аунарсың,

Екі жеңгең куә боп бір іс көрер, – деп желіп кетіпті.

Ертесінде ел дуылдап, осы төртеуінің осы сөз қағысын жатқа айтып жүрді. Содан есте қалғанын біз шамамызша қағаз бетіне түсірдік.

Алдаберген ОҢҒАРБАЕВ,
Халықаралық жазушылар одағының мүшесі.

♦ Тағзым

Бір әулеттің ақылшысы еді

Тоқсан сегіз жасында асыл жар, ұлдары мен қызына ардақты ана атанған Әуейхан Жүнісқызы өмірден озды. Ол өткен жылы желтоқсан айында ғасырға жуық ғұмыр кешіп, бақилық болған батағой абыз қария Сейдаліпұлы Естеннің асыл жары еді. Екеуі жұптары жарасып, 75 жыл мағыналы ғұмыр кешті, ұлағатты ұрпақ өсірді. Саялы бәйтеректей айналасына шуақ шашып, өсіп-өнген бір әулеттің данагөй ақылшысына айналды. Екеуі де ел-жұртына, туған-туыс, құда-жекжаттарына сыйлы, көкірек көзі ояу, өмірден көргені мен көңіліне түйгені мол, ұлкендіктің үлгісін көрсеткен, жүректеріне имандылық ұйыған бақытты ата-ана еді.

Ұлдары мен қызы атамыз Естен мен аяулы анасы Әуейханның тәлімді тәрбиесімен өсіп-өнді. Өмірден өз орындарын тапты. Сөзіміздің дәлеліндей, тұңғыш ұлы Тоққожа Естеңұлы бүгінде белгілі қоғам қайраткері, Алматы облыстық білім және ғылым қызметкерлері кәсіподағы «Қорғау-Защита» қауымдастығының төрағасы, Жамбыл ауданы мен Алматы облысының құрметті азаматы. Елі үшін туған ерен ер мемлекеттік қызметтің мәртебесі мен мерейін арттырған танымал тұлға болды, бірнеше жыл осы ауданның тізгінін ұстады, Алматы облыстық білім басқармасының басшысы қызметінде лайықты абыройға бөленді.

Одан кейінгі Баққожа мен Кеуерхан, Дәлелхан мен Болат болса да әке мен ана алдындағы перзенттік парызын адал атқарды.

Естен әкеміз бен Әуейхан анамыз бал қылықты немерелер мен шөберелерінің қызығын көрді, ізетті келіндері Тұрағалды, Сәуле, Сабира мен Ләйләнің ілтипатына бөленді. Алла сыйлаған күш-қуаттың арқасында жарасымды ғұмыр кешкен екеуі расында да ерекше жаратылған жандар болатын. Естен қария өзінің шешендік байыпты сөз саптауымен елді аузына қаратса, Әуейхан анамыз жібектей жұмсақ мінезімен, асыл анаға лайық қасиетімен дараланатын.

«Жақсылардың көңілі алтын сандық» демекші, жан дүниелері сабыр мен ақылға толы періште пейілді мәуелі қос бәйтеректей екеуінен өрбіген тәрбиелі үрім-бұтақ бүгінде осы әулеттің мақтанышы саналады.

Адамның ғұмыры мәңгілік емес. Міне, үлкен бір әулеттің ақылшысы болған асыл ана Әуейхан Жүнісқызының өмірден озғанына да қырық күн болыпты. Ұлдары мен қызы бастап, қалың елі қара орманы, туған-туысы мен көз көргендері жиналып, ардақты ананы еске алып рухына құран-дұға бағыштап жатыр.

Аяулы ананың ендігі орны пейіштің төрінде деп білеміз. Ұстағаны шырақ, мінгені пырақ болсын! Құранның нұрымен нұрланып жатуына Алла тағала нәсіп етсін. Амал дәптерін оң жағынан жазсын. Анамыздың жатқан жері жайлы, топырағы торқа болсын дейміз. Артындағы ұрпақтарына амандық, саулық тілейміз.

Тұрсынжан АСҚАРҰЛЫ.

Тылсым әлем тынысы

ШИПАГЕР

Денсаулық – баға жетпес байлық, жалғыз ғана асыл дүние. «Денсаулықсыз өмір – қызықсыз әлем» деген екен бұрын бір данышпан. Нағыз өмір шындығы солай. Себебі, денсаулықты ешқандай ақшаға сатып ала алмайсың.

«Денсаулықтың қадірін ауырғанда білерсің» дегендей, осы кезде барып шарқ ұрасың. Алдымен дәрігерлерді жағалайсың. Ұзыннан-ұзақ кезек. Әр кабинетке теңселе барып сараптама өткізумен жүргенде тағы біраз уақыт шығындалады. Әр дәрігер ұзыннан-ұзақ рецепт жазып береді. Оны түгел алайын десең өте қымбат. Көбіне жағдай көтере бермейді. Енді не істеу керек? «Басқа түссе – баспақшылдың» күнін кешіп жүргеніңізде әркімнен емшілер жайлы естисіз. Ендігі әрекетіңіз солай қарай бұрылады.

Олар да әртүрлі. Біреу мақтайды, біреу даттайды. Тәуекел деп ішінен мықты-ау деген біреуін таңдайсыз. Міне, осының бәрі бүгінгі таңдағы тіршілік иелерінің ауру-сырқауға ұшыраған бастан кешетін жағдаяттары.

Атамыз қазақта «естіген өтірік, көрген шындық» дейтін де сөз бар. Біз де өзіміз көрген, бастан кешкен бір оқиғаны, мүмкін көпшілікке пайдасы тиер деген оймен ортаға салуды жөн көрдік.

Кешегі Кеңес үкіметі кезінде халықтың дініне, діліне, өзіндік сенім-нанымдарына ықтияр берілмеді. Сондықтан ол кезде қазіргідей қаптаған емшілер көп кездесе бермейтін. Себебі, құдай берген шын дарыны болмаса, сау бастарына сақина тілеп несі бар. Тіпті шын дарын иелерінің өзі алдына келген адамның жағдайын көріп тұрып, тарыққандарға ғана амалсыз сауап үшін қол созатын, ем-домын да көбіне жасырып жасайтын. Бірақ ондай тума таланттар тым сирек еді. Олар әрі аурулардан ешқандай ақы да дәметпейтін. Тек «Аруақ риза болсын» деп, ұсынғанын алып, батасын беретін.

Осындай жандардың бірін бала кезімізде, сонау елуінші жылдары өзіміз де көрдік. Ол кісі бүкіл Орал бойына танымал Әбдуғали Ата деген емші, көріпкел, бақсы болатын. Жарықтықтың ерекше қасиеті – алдына келетін адамды күні бұрын біліп, үйдегілерге «пәлен күні түгенше кісі келеді» деп ескертіп отырады екен. Сонда дейміз-ау, қазіргідей дамымаған, ешқандай хабар-ошар құралдары жоқ алыс ауылда тұратын емші қария күні бұрын болатын жағдайды қалай білген? Тағы бір ғажабы, Әбекеңнің алдына келгеннің жазылмай қайтқанын естіметпіз. Сол кезде сонау Мәскеу, Астрахань, Саратов және басқа да алыс-жақын жерлерден адамдар келіп жататын.

Бірде мынадай жайт болыпты. Емшіге келушілер жолға шығарда, «бәрі дұрыс болса, осынша ақша берейік» деп пәтуаласады. Келген соң шипалы емге көңілденіп, олар емшіге айтқанынан екі-үш есе көп ақша ұсыныпты. Сонда ата күліп: «Шырақтарым, сендер үйден шығарда «осыша берсек болар» деген едіңдер, соны ғана алайын» депті. Иә, «ел іші – өнер кеніші» дегендей, халықта дамыған ғылымның өзі әлі күнге дейін шеше алмай келе жатқан тылсым, ғажайыптар аз емес.

Біз де бас ауырып, балтырымыз сыздағанда осы мықты деген талай емшілердің алдына бардық. Олардың бірқатарын сіздің сырқатыңыз емес, қалтадағы пұлыңыз қызықтырады екен, тіпті ә дегенде әңгімені тарифтен бастағандары да болды. Амал қанша, біз де алыс-жақын жердегі талай анау мықты, мынау мықты дегендердің бірқатарын адақтадық. Ем-домдарын да қабылдадық. Алайда, онша көмектесе қоймағанын несіне жасырамыз.

Сөйтіп жүріп, былтыр Гүлшешек Забитқызы Мамедова деген халық емшісіне тап болдық. Алдына келгенімізде жылы жүзбен қарсы алып, ем-домын жүргізе отырып сұрамай-ақ басымыздан не өткені, не қойғаны, тіпті не болатынын айтып, жолымызды ашып, батасын берді. Таң қалғаннан көп ештеме сұрай да алмадық. Өйткені, сұрайық дегенімізді өзі айтып та берді ғой.

Енді Гүлшешекке қәсіби қызығушылығымызбен өзі туралы білмек болып, бірнеше сұрақ та қойдық. Әңгіме барысында аңдағанымыз, ол осы Жамбыл ауданының тумасы екен. 1968 жылы көп балалы қарапайым отбасында, Үмбетәлі ауылында дүниеге келіпті. 1985 жылы Алматы қаласындағы Мәскеу сауда мектебіне оқуға түсіп, оны бітірген соң Алматыдағы сауда техникумын, одан кейін Қазақ Халық шаруашылығы институтын тамамдаған. Мамандығы бойынша Алматыда, Ұзынағашта сауда мекемелерінде қызмет атқарған. Жұмыста да, тұрмыста да бәрі ойдағыдай жүріп жатады. Бойжеткен соң Гүлшешек (көпшілігі Галина деп атап кеткен) тұрмысқа шығып, қызметтен қол үзбей жүріп дүниеге бес ұл әкеліп, ардақты ана атанады. Оларды, мәпелеп тәрбиелей бастайды. Иә, бәрі-бәрі жақсы келе жатады...

Тек 1992 жылы дүниеге егіз ұлы келгенде ол қатты ауырып, Алматыдағы № 12 аурухананың жансақтау бөлімінен бір-ақ шығады. Ұзақ уақыт ауырады. Осы кезден бастап оған ешқандай ем қонбай, белгісіз кесел кетпей, дәрігерден-дәрігер қоймай қаралады. Көмек болмайды.

Сөйтіп, әбден шаршап жүрген кезінде бір үлкен кісілердің жөн сілтеуімен халық емшілеріне барады. Олар ары-бері тексеріп қарап: «Шырағым, сенде құдай берген қасиет бар екен. Егер, емшілікпен айналыссаң, иншалла, дертіңнен жазыларсың», – дейді. Ол кезде әлі жиырма беске тола қоймаған Гүлшешек бұған алғашында мойынсұна қоймайды. Айтқан кеңеске құлақ аспаған соң аурудан да айықпайды. Бірде тіпті төрт тәулік бойы есінен танып қалады.

Енді не істеу керек? Тәуекел деп бір Аллаға сиынып, «жарайды, байқап көрсем көрейін» деп, әуелі балаларды, арасында үлкендерді де емдейді. Нәтижесі жақсы шығады, бәрі шетінен алғыс жаудыра бастайды. Сонда барып ол өз бойында бір қасиеттің бар екенін шындап ұғады. Сұрастырып көрсе, мұндай ерекше қасиет оның әкесінің анасы, яғни Гүлшешектің әжесінде болған екен. Уақыт өте келе сол қасиет немересіне қонса керек. Әйтсе де әлі өзіне сеніңкіремей, осының өзі шын ба, әлде өтірік пе деген оймен Алматыдағы дәстүрлі халық медицинасы орталығының негізін қалаушы шипагер, профессор Шәкен Мұқанұлы Шынтаевтың қабылдауына барады. Мұндағы орталық мамандары Гүлшешек Мамедованың бойында ерекше қасиеті барын растайды. Тексеру қорытындысы оған емшілікпен шындап айналысуға кеңес беріп, ақжол тілейді. Осындай беделді орталықтың қорытындысы оның өзіне деген сенімін нығайтады, әрі бұрынғыдан да зор жауапкершілік жүктейді. Енді қанаттана түскен Галина Забитовна содан бері қадари халінше алдына келгендерге көмек көрсете бастайды. Содан бері де, міне, ширек ғасырдай уақыт өтіпті. Бәрі күні кешегідей сияқты еді. Талай адамның дертіне жасаған емінің шипалы болғаны, олардың шексіз алғысына бөленгені де енді бір мерей.

Иә, жақсылық ешқашан ұмытылмайды, Осыдан біраз бұрын ерекше қасиет иесі Галина Забитқызы туралы республикалық телеарналардың бірінде көрсетілім болды. Онда сөйлеген Қарлығаш Қожаханқызы, Галина Қуанышбекова, Жұмабек Сәрсенбеков, Илия Әкімжановалар Галинаның ерекше дарын иесі екенін айтты. Жолы болмағанның жолын ашатынын, алдағыны болжайтын көріпкелдік қасиеті де барын, басы ауырып, балтыры сыздаса ылғи Галинаға хабарласатынын, ол әрдайым жылы жүзбен қабылдап, ем-домын жасап, қанаттандырып жіберетінін тілге тиек етіп, алғыстарын жаудырды.

«Алғыспен ер көгереді» дейді халық даналығы. Бүгінде Гүлшешек ұлдарына ардақты ана, келіндеріне сыйлы ене, әсіресе, немерелері үшін ерекше әже. Сондай-ақ ұзақ жылдарғы жемісті еңбегі де елеулі. Ол «Қазақстан Республикасының халық және рухани емшілері» мекемесінің толық мүшесі, Қазақстан Республикасы кәсіби халық емшілері қауымдастығының мүшесі, «Таза аруақ иесі» дипломы мен «Қазақстан Республикасы денсаулық сақтау ісіндегі еңбегі үшін», «Қазақстан Республикасы халық емшілерінің магистрі» орденімен және басқа да көптеген дипломдармен, сертификаттармен марапатталған шын киелі өнер иесі. Ұзақ жылдар бойы атқарған емшілік еңбегінің нәтижесі қысқаша айтқанда осындай.

Галина Забитқызы келесі жылы 50-ге келеді екен. Бұл нағыз кемел жас қой! Иә, солай. Ендеше, ылғи да халықтың ыстық ықыласы мен риясыз алғысына бөлене бер, Гүлшешек!

Ә.САРИМОВ,
зейнеткер.
Ұзынағаш ауылы.

P.S: Емшінің байланыс телефоны: 8 777 488 88 34 Емші Галина Забитовна аптасына бір-ақ рет, жексенбі күні қабылдайды.

ПОЭЗИЯ ПАРАҒЫ

Сағағын гүлдің

ТЕРБЕГЕН ЖЕҢІЛ САМАЛДАЙ

Сәкен (Сәбетбек) Қожатайұлы АРЫҚБАЕВ – 1964 жылы Оңтүстік Қазақстан облысында туған. 1981 жылы Алматы облысының бұрынғы Шелек ауданына қарасты Қаражота ауылында Бауыржан Момышұлы атындағы орта мектепті бітірген. 2003 жылы Мұхтар Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан Мемлекеттік университетін тамамдаған. Ақындыққа ерте бет бұрған оның қаламынан әр жылдары туындаған өлеңдері мерзімдік басылымдарда жарық көрген. Тақырыбы саналуан, айтар оғы мен мазмұны бай шынайы дүниелері оқырманға ой салады.

Автор қазір Тұрар Рысқұлов атындағы орта мектебінде алғашқы әскери даярлық пәнінің мұғалімі.

СЫЙЛАСТЫҚҚА ЕШТЕҢЕ ЖЕТПЕЙДІ ЕКЕН

Таң да атады, күн батып, кеш кіреді,
Жаңаланған, жаңарған ескіреді.
Тек қайтадан жастық шақ оралмайды,
Оны, әрине, адамдар кеш біледі.

Кеш біледі, артынан өкінеді,
Ah ұрады, өртеніп көкірегі.
Амал қанша, әйтеуір тата берер
Өмірдегі азды-көп несібені.

Уай, досым-ай, несіне таласасың,
Бүгін – биік, күні ертең – аласасың.
Қаншалықты бақытты болсаң дағы,
Ағарады бір күні қара шашың.

Ағарады бір күні қара шашың,
Уақытпенен бәрібір санасасың.
Жасың келген шағында жақсы-ау сонда,
Жарасқаны пайым мен парасатың.

Келмейді рас, бос сөзді қайталағым,
Мен де әйтпесе, бір ақыл айта аламын.
Сыйластыққа ештеңе жетпейді екен,
Осы менің өмірден байқағаным.

БАЛАЛЫҚ СӘТТІ АҢСАДЫМ

Қас пенен досты айырмай,
Өмірмен жүрмін алысып.
Бал дәуренімді қайырмай,
Барады уақыт жарысып.

Сай-сала, тоғай, бөктерде,
Не білдік екен, не істедік.
Қызықтың бәрі өткен бе,
Сол шақтар енді естелік.

Ойланып былай байқасам,
Қалыпты бәрі артымда.
Ақиқатымды айта алсам,
Қалар ма ем балғын қалпымда.

Бітірген сонша түгім жоқ,
Білмеймін неге шаршадым.
Шіркін-ай, енді бүгін кеп
Балалық сәтті аңсадым.

Қаншама іс бар бітпеген,
Қаншама әннен жаңылдым.
Дәл мұндай сәтті күтпеп ем,
Балалық күнді сағындым.

Көңілдің күйін келтірдім,
Шарықтап ұшар жан құсап.
Қолымды бұлғап мен тұрмын,
«Қоштасу» деген әнді сап.

КӨҢІЛДІҢ НӘЗІК ПЕРНЕСІ

Армысың, менің арайлы мөлдір ақ таңым,
Керемет қандай нұрыңды төгіп атқаның.
Түрілген түннен күлімдеп шыққан бейнедей,
Оянып қайта тіршілік жырын бастадың.

Қуанып күнге құшағым жайып қарсы алдым.
Жайқалып өскен қайыңдай қызға тамсандым.
Сағағын гүлдің тербеген жеңіл самалдай
Сырымды оған сыбырлап қана айтармын.

АРМАНЫМА ЖЕТСЕМ ДЕП...

Өлең жазам қалам алып қолыма,
Қадам бастым поэзия жолына.
Өз алдыма қойған менің мақсатым –
Ақындықтың түссем деймін соңына.

Ақын болу – менің басты арманым,
Болса да ауыр, соны ғана таңдадым.
Шайыр болып шабыттанған кезімде,
Жақсылықты жақсылықпен жалғадым.

Кеудемді ашып жүріп келем ағынға,
Жас жүрегім, лаула, жанып, жалында!
Жырлар едім өмірдегі шындықты,
Арманыма жетсем шіркін, сағына!

* * *

Жер жаһанды кезіп қанша айналып,
Дәл өзіндей сырласар жан таппадым.
Құрғақ ойға құрық салып толғанып,
Міне, өлеңді ермек қыла бастадым.

Бітіргем жоқ ешбір істі жапырып,
Ентелесем босқа шаршап қаламын.
Өз көжемді өзім жүрмін сапырып,
Дәмін оның татпай-ақ қой, қарағым.

Жан болған соң тіршілікке жаралған,
Бірде түзу, бірде қисық кетесің.
Өмір терең дариядай саналуан,
Бірде сүңгіп, бірде жүзіп өтесің.

Өмір өзі тағдыр жазған күресің,
Алай-бұлай жағасына соғады.
Бір жығылып, бірде тұрып күлесің,
Бір қуаныш құшағына алады.

Өмір деген жол емес жай тартылған,
Сыйласайық ажал келмей тұрғанда.
Өкінесің өйткені сен артынан,
Өз басыңды тасқа апарып ұрғанда.

Басымды идім, кешір мені, о, халқым,
Кешір енді, кешіре алсаң, кеш мені.
Екі арада қаншама уақыт жоғалттым,
Қайтаруға шамам менің жетпеді!

Айқай салып аттандайтын дәрмен жоқ,
Іштей тынып өртенеді екенсің.
Сан ойлармен сансырап-ақ, дал-дал боп,
Өстіп жүріп, ей, Өмірім, өтерсің...

ПАРЫЗЫМДЫ ӨТЕЙМІН

(әйеліме)

Мейлі шағымданғын,
Мейлі арызданғын.
Ұлдарымның алдында қарыздармын.
Тірі жүрсем әйтеуір түбінде бір,
Өтеймін деп ойлаймын парыздарын.

Өтсе өтсін өмірім жалғыз-жарым,
Білем, жазған маңдайға тағдыр барын.
Қайтер дейсің алыста жүрсем дағы,
Ұмытпаса болды ғой балғындарым.

Тағдырыма өзімнің налымайын,
Өртенейін, өшпейін, жалындайын.
Өмірімді тағы бір парақтайын,
Алға қарай жылжиын, адымдайын.

Мейлі шағымданғын,
Мейлі арызданғын.
Ұлдарымның алдында қарыздармын.
Тірі жүрсем әйтеуір түбінде бір,
Сене бер сен, өтеймін парыздарын.

ҚАРЫНДАСҚА

Айналайын, сымбатты қарындасым,
Қуаныштан, күлкіден айырмасын.
Мына бүгін кездескен сәтімді де,
Жүрек ертең қалайша сағынбасын.

Қандай ғажап, «аға» деп қиылғаның,
Жанарыңнан бір жұмбақ сый ұрладым.
Басқа жанға өзінді қалай қиям,
Үзіп алса қайтемін бұйырғаның.

Қызғалдақтай ырғалып тербетілген,
Танып тұрмын нәзіктік келбетіңнен.
Ән салса да жүрегім, саған тіпті
Теңеу таппай қойдым-ау жер бетінен.

Көңіл толқып көктемнің бұлағындай,
Қарай берсем қанбайды құмарым-ай!
Қандай жаннан жаралдың сәулем менің,
Еркелігің еліктің лағындай.

Өзіңе бір сүйсіне қарайын да,
Бақытыма мәңгілік балайын ба?
Мойныңа асып алқа қып жүрегімді,
Жүрегіңді тұмар қып тағайын ба?!

СОҚ, ЖҮРЕГІМ!

Ей, жүрегім, өзіңменен мұңдаспын,
Мен сенімен бірге туған құрдаспын.
Не қаласаң, мен де соны қалаймын,
Сен шаршасаң, мен де тірі тұрмаспын.

Күмбір кеудем күнде-күнде жырласын,
Соқшы жүрек, басқа жүрек тыңдасын.
Өткен күннің бір ызғары қалды ма,
Еш жасырмай айтшы бәрін, сырласым.

Шошындым-ау екпінінен дүрсілдің,
Сен беймезгіл бұлқындың ғой, бұлқындың.
Қазір ытқып шығатындай кеудемнен,
Ей, жүрегім, неге сонша жұлқындың.

Сабыр сақта, мазамды алма сен менің,
Тыныштықты қалайтұғын пендемін.
Міне, тағы қаным тулап барады,
Соқ, жүрегім, соға бергін, көнбегін.

* * *

Бір ауыз сөзімді,
«Сүйем!» деп өзіңді,
Мен тұрмын жасқанып айта алмай.

Селт еткен сезімді,
Қадалған көзімді,
Жаным-ау, сен жүрсің байқамай.

Жанымды өртеді,
Бұл неткен дерт еді?
Еріксіз көз тартқан жанарың.

Жібектей көркемім,
Ғажайып ертегім,
Көргенде ғашық боп қарадым.

Ойланып жүрерсің,
Түбінде білерсің,
Өзіңе деген бұл сезімді.

Өзің де сүйерсің,
Көңілге түйерсің,
Сарғайған сағымдай кезімді.

Өзіңе жақындап,
Барсам да батыл-ақ,
Қайран тіл әдепті бұзбайды.

Алынбай қамалым,
Жоқ шара, амалым,
Жапырақ – жүрегім сыздайды.

Көңілді толқыта,
Жаныңды балқыта,
Тіл қаттым Шәмшінің әнімен.

Сездің бе, сымбаттым,
Шешуін жұмбақтың,
Таба алмай дал болдым тағы мен...

САҒЫНАТЫНЫМ ДА СОЛ ЕКЕН...

Қимайтыным да сол екен,
Қинайтыны да сол екен.
Өзіңсіз мына өмірге
Симайтыным да сол екен.

Сағынатыным да сол екен,
Жабығатыным да сол екен.
Замандастарым қасынан
Табылатыным да сол екен.

Мақтайтыным да сол екен,
Жатпайтыным да сол екен.
Өзінен асқан аруды
Таппайтыным да сол екен.

Таңданатыным да сол екен,
Арланатыным да сол екен.
Қасына дереу жетуге
Қамданатыным да сол екен.

Самғайтыным да сол екен,
Талмайтыным да сол екен.
Сезімге елтіп, сөзімді
Арнайтыным да сол екен.

Көңілдің жазы сол екен,
Өмірдің мәні сол екен.
Бір Сол деп соққан жүрегім,
Сағыныш жырға толы екен!

СӘЛЕМ ДЕ МЕН ЖАЙЫНДА...

Ассалаумағалейкум, қалай халің?
Аман ба, асыр салған ауыл жағым,
Тың шығар аналар мен ақсақалар,
Есен бе, араласқан қауымдарым.

Жайқалып тұрған шығар бағым, бауым,
Ойласам сағыныштан жалын жаным.
Дін аман сау-саламат жүрген болар,
Дос-жаран, туған-туыс, бауырларым!

Көңілге түйгеніңнің шашып бәрін,
Айта бер жаңалықты, асықпағын.
Қайтейін ауыл жақты сағынғанда,
Бойыма сыймай кетер тасып қаным.

Ыстық қой ауылымның сай-саласы,
Құлпырып тұрған шығар айналасы.
Балалық балғын шағын, өскен жерін,
Қазақтың сағынбайды қай баласы?!

Сәлем де мен жайында сұрағанға,
Аман де, есептесін тірі адамға.
«Өшпепті, өртенбепті, маздап қана,
дегейсің, – сол қалпында, жүр алауда».

Сәкен ҚОЖАТАЙҰЛЫ.

АҢСАР

ТІЛЕКТЕС

ТЕКТІ ТҰЛҒА ЕДІ

Ұлы Жамбыл жерінде жазушылық бейнесін жұртқа танытып, қырық жылдан астам таймай ұстаздық қызмет атқарған ардақты азаматымыз, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, еліне танымал қаламгер Мұхамеджан Абдрахманов арамызда аман жүрер болса, шілденің 14-де мерейлі 75 жасқа толар еді.

Ел руханиятын байытуға өзіндік үлес қосқан сыршыл суреткер, қазақ тілінің қаймағын қалқып ішкен зерек зерделі дарын иесінің шыққан тегі мен өскен жері туралы тоқталып өтпеске болмайды. Қасиетті Хантәңірінің тамылжыған табиғаты аясында арда өскен Албан ағайынның әрқашанда етек-жеңі кең. «Райымбек! Райымбек!» деп ұрандап жау түсірген батырлардың, аузымен құс тістеген Құлмамбеттей, Көдектей ақындардың елінде туған Мұхамеджанның мұраты да мұнарлы Мұзарттан бастау алып, шынарлы биікке жол тартқаны сондықтан шығар.

Осыдан тура жетпіс бес жыл бұрын ежелгі Шығыс Түркістан жеріндегі Тянь-Шань тауының бөктерінде, Қарасу деген ауылда дүниеге келген жазушы он балалы үлкен әулетте өсті. Білімнің мәңгілік байлық екенін терең сезінген оның ата-анасы сандығында қолдан көшірілген қиссаларды молынан сақтайтын. Олардың арасында «Қыз Жібек», «Қозы Көрпеш – Баян сұлу», «Зарқұм», «Мұхамед Ханафия», «Әзірет шері», «Кербаланың шөлі» сынды басқа да көптеген діни дастандар болатын. Міне, соларды шетінен білте майшамның жарығына үңіле отырып, түннің біруағына дейін мақамдата оқитын ағасы Анарбектің дастаншылдығы бала Мұхамеджанның зердесіне зерлене бергені бір нәсіп болған шығар-ау.

Бүгін ойлап отырсақ, сол қисса-дастандарға деген бала құштарлық Мұхаңның бойындағы бұла сезімге ерекше әсер етіпті, күнде бір кітаптың оқиға желісі мен мазмұнын сақалынан жасын сорғалата отырып тыңдайтын шежіре кеуде шалдардың әңгімесі оның жазушылық жолында небір тақырыптарға арқау болыпты.

Кейін келе-келе қалт еткенді қағып ала қоятын бала жеті жылдық мектепті аудан орталығы Мұңғыл Күре қаласында үздік бітіреді де, 1956 жылы Үрімжідегі қалалық гимназияға қабылданады. Бұл білім бесігінде де алдына жан салмай оқыған Мұхаметжан 1959 жылы арнайы мемлекеттік жолдамамен Бейжіңнің Орталық Ұлттар университетіндегі қытай тілдері факультетіне түседі.

Шыңжаңдағы аз санды ұлттар арасынан қытай тілін жетік меңгерген мамандар даярлау мақсатымен ашылған осы факультетте отыз бес ұйғыр, бес қазақ баласы оқитын. Соның бірі Мұхаң болатын. Үш жыл ішінде қытайдың он мың таңбалы иероглифін меңгерген қабілетті жігіт 1962 жылы шілде айында туған ауылына Бейжіңнен қызыл дипломын құшақтай оралады.

Қазақтың тауқыметке толы тағдырынан хабардар адам жақсы біледі, XX ғасырдың өн бойында небір сергелдең соқпақтардан өткен еліміз үркіншіліктің зардабын аз тартпаған ғой. Қилы-қилы замандарда жан сауғалап ата жұрттан алысқа кетуге мәжбүр болғандар қатарында Мұхаңның ата-анасы да бар еді. 1929 жылы Кеңес үкіметінің тәркілеу құрығынан әзер құтылған олардың жүрегінде шер-шемен боп қатқан сағыныш болды, атамекенге бір жетсек деген арман жатты. Алла сәтін сап елге оралатын күн туса деп тілейтін. Болашақ жазушының отбасы үшін сол таң 1962 жылғы қазан айының 10-ы күні атқан еді.

Кезінде Кеңес өкіметінің азаматтары деп берген куәліктерін көздің қарашығындай сақтап келген отбасылары біртіндеп шекарадан бері қоныс аудара бастаған кезде Абдрахманның іргелі әулеті де Сүмбедегі атамекеніне ат басын тіреді. Десек те, әу бастағы тұрмыс тауқыметінің қиындығы шығар, бір жағынан қызырлы Жамбыл жерінің дәм-тұзы тартқан болар, олар көп ұзамай Ақсеңгір ауылына көшіп келіп қоныстанды. Міне, содан бері елу бес жыл өтіпті. «Елу жылда ел жаңа», тамырын терең жайып дәуірлеген, дәулетіне сәулеті сай өнегелі әулетке айналған ағайындарымыз бүгін бақытты ғұмыр кешуде. Тәуелсіз мемлекетіміздің қанаттануына өзіндік үлесін қосып, ұрпақ өсіруде. «Елге ел қосылса – құт» деген осы.

Ал енді, сол елу бес жыл бұрын Қытайдан елім деп еңкілдеп жеткен ағайынның жалпы болмысымызды байытуға, салт-дәстүр сабақтастығын жалғауға, тіліміз бен мәдениетімізді көркейтуге қосқан үлесі тіпті қомақты десек, еш қателеспейміз. Олардың арасынан шыққан небір дарындардың қоғамдық саясат пен ғылымға, әдебиет пен өнерге, мәдениетке сіңірген еңбегін қазір ешкім жоққа шығара алмайды. Бүгін біз осы мақала арқылы асыл рухын еске алып отырған Мұхамеджан ағамыз да сол бір санаткер азаматтар арасынан өз орнын тапқан талант.

Иә, әңгіменің негізгі арқауына қайта оралсақ, Бейжіңнен қызыл дипломмен келген жас маман енді өзінің Отанында оқуын одан әрі жалғастыра түседі. Сол кездегі Қазақстанның оқу министрі Д.Серікбаевтың арнайы бұйрығымен Абай атындағы Қазақтың Мемлекеттік педагогика институтының филология факультетіне екінші курстан қабылданған Мұхамеджан енді жаңа әліппеге жаттығып, сабаққа бар ынтасымен ден қояды. Әрине, сауатын араб қарпімен оқытатын қазақ мектебінде ашқан, сосын тылсымы терең қытай тілін үйренумен үш жылын сарп еткен шәкірт үшін жаңа ортада орыс тілін үйрену қайдан оңай болсын. Әйтсе де, түске дейін өз курсында, түстен кейін бірінші курстың аудиториясында дәріс тыңдап, қатарынан қалмай білімге зейін аудара табандылықпен ұмтылған Мұхамеджан аталған оқу орнын 1966 жылы ойдағыдай бітіріп шығады. Сол жылдың жазында облыстық оқу бөлімінің жолдамасымен Жамбыл орта мектебіне мұғалім болып орналасады. Оның ұстаздық жолға бет бұруына туыстық жағынан жақын ағасы, бүкіл саналы ғұмырын осы ауданда өткерген аса көрнекті ұстаз Рақым Дәуітұлы ықпал етеді. «Жақсыдан – шарапат» деген осы. Содан кейінгі жылдары Мұхаң бір мектепте үздіксіз сабақ беріп, алдынан сан жүздеген шәкірттерді тәрбиелеп қанаттандырды. Сан жүздеген оқушыға халқымыздың кәусәр тілімен дәріс оқыды, әдебиеттің әліппесін ұқтырды.

Біз бүгін мерей иесі болар марқұм ағамыздың қос тізгінді қатар ұстаған жазушылығы мен ұстаздығын бірінен бірін асыра сөйлесек тіпті де артық емес. Өйткені, өмірдегі ең ізгі екі кәсіптің соңына шырақ алып түскен үлкен жүректі азамат сондай мадаққа әбден лайық болар еді.

Жоғарыда жазушының он жеті жыл бойы білім қуып, жетік оқығанын сөз еттік. Яғни, ұстаздық пен қаламгерлікке оның үлкен дайындықпен келгенін көреміз. Дегенмен, Мұхаңның жазушылыққа тәуекел еткен тұсы жетінші сыныпта жүрген кезінен басталады. Бірде еркін тақырыпқа шығарма жаздырған Ыбырайым деген мұғалімі Мұхамеджанның жазғанын оқып шығып, қатты риза болыпты. «Сенің мына сөздерің атқа ерттелген күміс ертоқым сияқты екен» дейді ұстазы шәкіртінің шұрайлы тіліне тамсанып. Осы көтермелеу болашақ жазушының көкірегіндегі шығармашылықтың шырағын тұтатқан шақпақ тәрізді болғанын қайран Мұқаң елжірей бір еске алушы еді. Кейін ересек кезінде оқыған Қажығұмар Шабданұлының «Бақыт жолында» деген повесі үшін таяқ жеген кезін де ұмытпайтын. Сөйтіп, арманшыл жігітті шығармашылықтың сиқыр құдіреті мен құпиясы өзіне еліктіріп тарта берген, тарта берген.

Алайда, жазушылықпен дендеп айналысуға Мұхаң тек 1965 жылдары бет бұрыпты. Қазақтың қай баласы болсын әуелі өлеңнен бастайды емес пе. Сол өлеңдері аудандық «Екпінді еңбек» газетінің беттеріне жарияланып, сенімі бекіген соң, келе-келе қара сөзге қармақ салады. Бірнеше әңгіме жазады. Енді одан да көлемді повесть жазуға кіріседі. Ақыры, өзінің «Ару ана» атты алғашқы хикаятын редакцияға ұсынады.

Шығарма тынысынан талантты жастың қалам қуатын сезінген «Екпінді еңбектегі» тілектес ағалары Сатыпалды Асанов пен Заманбек Жәкенов оның повесін газеттің бірнеше нөміріне үзбей жариялағанын Мұхаң зор ризашылықпен айтып жүретін еді. Талабын ұштап, қиялына қанат бітірген ағаларына деген ақ алғысын еш жасырмайтын.

Жазушының осы сәтті сапары одан кейін де жалғаса береді. 1972 жылы әдеби-көркем, қоғамдық-саяси альманах саналатын «Жалын» журналының 3-ші санында оның «Алып ана» атты әңгімесі шыққан. Бұл – республикалық баспасөзде алғаш танылуы болатын. Содан кейінгі қырық жыл ішінде Мұхаңның оннан астам кітабы «Жазушы», «Жалын», «Арыс», «Абзал-ай» баспаларынан оқырмандарына жыл аралатып жол тартып тұрды. Оның қарымды қаламынан туған «Көзінде кеткен бір тамшы», «Мәңгілік махаббат», «Сағым жылдар» атты романдары мен «Ағайша», «Адасқан қаз», Зобалаң», «Ана ерлігі», Аманат», «Босқындар», «Қиянат», «Үркер тоғысқанда», «Тиес палуан», «Көктем лебі», «Үміт жұлдызы», «Махаббат трагедиясы», «Қақтығыс» атты повестері бұл күнде қалың оқырманның рухани игілігіне айналды.

Оның шығармаларына белгілі қаламгерлер Дулат Исабеков, Серік Асылбеков, Тұрлыбек Мәмесейітов, Болат Қанатбаев, Жәнібек Кәрменов, Эрнест Төреханов, Досан Жанботаев, Мағзұм Сүндетов, Кәдірбек Сегізбаев, Рахметолла Нұрпейісов, тағы да басқа танымал азаматтар ықылас қойып сарашылық-сыншылық жасады, жылы пікірлерін білдірді. Сонымен бірге қанаттас жүріп, қамқорлық көрсеткен Қабдеш Жұмаділов, Сәуірбек Бақбергенов, Қалдарбек Найманбаев, Мұхамеджан Етекбаев сынды ағаларына, Бексұлтан Нұржекеев, Қанипа Бұғыбаева сынды қатарлас құрбы-құрдастарына деген Мұхаңның шексіз ризашылығын да артында қалған аманаты ретінде көпшілікке жеткізгенді парыз санаймыз.

Амал не, 2014 жылы маусымның 6-да ардақты ағамыздың асыл рухы Аспантаудан да арғы ғарышқа сапар шекті. Содан бері де үш жылдан асыпты. Алайда, «Ғалымның хаты өлмейді, жақсының аты өлмейді». Сағынамыз. Ағалық ақылын аңсаймыз осы күні.

Біздің де кейде күнделік түртетін әдетіміз бар еді. Бүгін соны парақтап отырып, сонау 2009 жылы қарашаның 9-да түсірген бірер жазу көзімізге шалынды. Былай деген екенбіз:

«Мұхамеджан ағам (Абдрахманов) телефондайды. «Жамбыл ауданына тілші болыпсың, құтты болсын» дейді. «Сенің қаламыңнан май шығып тұрады ғой, қарағым. Енді көсіліп жаз. Поэзияда адасып жүрсің бе деп қалам, кейде. Кесек прозаға мойын бұратын кезің жетті ғой» деді ағам. Рахмет! Ойланатын-ақ ұсыныс. Осындай тілектестер көп болса ғой, шіркін!»

Иә, бізге ондай тілектес текті тұлғалар енді табыла бере ме. Жатқан жері жайлы болсын, қайран Мұхамеджан ағаның.

Жамбыл ауылы туралы, ондағы жақсы ағаларымыз туралы еске алсақ, көз алдымызға үнемі Мұқаң мен Мәулен көкеміздің жұп жазбай бірге жүретін кездері орала кетеді әлі де. Мәулен аға да мен сияқты аға досын аңсайды екен. Әнеу бір күні кештетіп телефон шалғанымызда, «Ауылда тіпті жалғыз қалғандай сезінемін қазір. Шүкір, ағайын да, құрдастар да бар ғой, дегенмен ашық сырласатын Мұқаңның орны бөлек екен тіпті. Қазір шешіле сөйлесетін ешкім қалмағандай.

Мен сонау 1974 жылы Жамбыл атамның музейіне келген сәттен бастап бірден араласып кеткен Мұқаң еді. Үш-төрт жас айырмасына қарамастан өте жақсы сыйластық. Аса жақсы жігіт еді, біртуар азамат болатын. Қырық жыл бойы қатар жүрдік. Ішегіміздің қырындысына дейін ақтара әңгімелескен күндеріміз енді бүгін сағыныш. Неше түрлі хикаяны майын тамыза айтатын ондай сұңғыла қайда енді?!» деп, Мәулен аға да терең бір күрсінді.

Ағын судай алға асыққан уақытпен бірге кешегі кемел мінезді Мұхамеджан ағаның жарқын бейнесі де айнала ағайын үшін сағым арасынан анда-санда бір көрініп, сағынышқа айналып бара жатыр. Бірақ, арты нұрлы жазушының асыл жары Хадишадай есті жеңгеміз ерінің аманатына адал, есімін естен шығармайтын санатты ұрпағы бар. Сағдаты мен Гүлмирасы, Асхаты мен Айгүлі, Қарлығашы мен Кенені, Фархаты мен Зәуресі, Айнұры мен Русланы аман болса ардақты әкенің рухы солардың жүрегін әрдайым тербей береді деп білеміз. Дәл қазір өсіп-өнген он екі немересі мен үш шөбересінің де қатары молайған үстіне молая берер, олар да келер ғасырға дейін Мұхамеджан есімді жазушы аталарының әдеби-рухани мұрасын мақтаныш ететін болар деген сенімдеміз. Ендеше, Мұхаң сияқты артына өлмейтін сөз, өрбитін ұрпақ қалдырған абзал азаматтың есімі мен асқақ аруағы ешқашан ұмытылмайды.

Рәтбек САҒИД-УАҺАС,
Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі.

Құттықтаймыз!..

Бірлік ауылының тұрғыны, отбасымыздың тірегі, асыл жар, аяулы әкеміз

ЖАҚЫПБЕКОВ Еркін Серікбайұлын

17 шілдеде 50 жасқа толатын туған күнімен шын жүректен құттықтап, деніне саулық тілеп, отбасы мен бала-шағасының қасында бақыт пен шаттықтың күнін кешіп, әлі тағы да елу жастың екеуін көруін Алла нәсіп етсін демекпіз!

Құтты болсын, жан әке, елу жасың,
Домаласын әрдайым өрге тасың.
Бір анадан тоғыз боп туылғанмен,
Қара шаңырақтың беріпті сізге басын.

Бізге мәлім, талықпай өрлегенің,
Жеткізсем деп біздерді терлегенің.
Ердің жасы елуге келгенінде,
Өміріңді өнеге зерделедім.

Анашымның қасында қартаймаңыз,
Ұрпағыңның алдында ортаймаңыз.
Денсаулығың жақсарып арамызда,
Жүрген күнің біздерге бақыт нағыз, –

деп құттықтаушылар: **жұбайы – Күлпәш, ұлы – Ерлан, қызы-күйеубаласы – Гүлзира-Дархан, ұлы-келіні – Елдар-Айжан, қызы – Жансая, немерелері – Әли, Ернар және Жақыпбековтер әулеті.**

“Бастау Бизнес” жобасы бойынша 03.07.2017 жылы өткен тестілеу кезеңінің қорытындысы

“Бастау Бизнес” жобасы бойынша 03.07.2017 жылы өткен тестілеуге аудан бойынша 43 азамат қатысып, оның 27-і де тестен өтіп, оқуға жолдама алып, 5 шілде күні 3-кезең тыңдаушылары оқуларын бастады.

Толық анықтама алу үшін келесі телефонға хабарласуға болады: **79019, 87014928456, электрондық пошта: aj.tulegenova@gmail.com.**

ТҮЗЕТУ

«Бастау Бизнес» жобасы бойынша тестілеу кезеңі 2017 жылдың «4-шілдесінде» өтеді деген хабарландыру 2017 жылдың «24-шілдесінде» өтеді деп оқылуын сұраймыз.

Толық ақпарат алу үшін мына телефон нөмірлеріне хабарласыңыздар:

8-701-492-84-56; 79-01-9.

ИСПРАВЛЕНИЕ

Прошу вас поменять дату проведения тестирования по проекту «Бастау Бизнес» с «4-июля» 2017 года на «24-июля» 2017 года.

Для получения более подробной информации обращайтесь по нижнеуказанным номерам:

8-701-492-84-56; 79-01-9.

Құрметті азаматтар!

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл Агенттігінің ресми интернет сайтында (Kyzmet.gov.kz) анонимдік арыз-шағымдар қабылдайтын арнайы айдар ашылғанын хабарлаймыз.

Аталған айдар Сіздердің құқықтарыңыз бен заңды мүдделеріңізді қорғау мақсатында ашылды.

Егер сіз, **мемлекеттік қызмет** (оның ішінде конкурс рәсімдерінің бұзылуы, заңсыз жұмыстан шығару және тәртіптік жазаға тарту және т.б.), **мемлекеттік көрсетілетін қызметтер** саласындағы заңнаманы, қызметтік **әдепті** бұзу фактілерімен кездессеңіз, жоғарыда көрсетілген сайт арқылы анонимді өтініш жолдай аласыз.

Уважаемые граждане!

Сообщаем, что на официальном сайте **Агентства Республики Казахстан по делам государственной службы и противодействию коррупции (Kyzmet.gov.kz) создана специальная рубрика по приему анонимных заявлений и обращений.**

Данная рубрика создана в целях защиты Ваших прав, свобод и законных интересов.

Если Вы столкнулись с фактами нарушения законодательства в сфере **госслужбы** (в том числе, нарушения процедур конкурса, незаконные увольнения и наложения дисциплинарного взыскания и т.д.), **госуслуг,** служебной **этики.** Вы можете направить анонимное обращение на вышеуказанный адрес.

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Ұзынағаш селолық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі Ұзынағаш селолық округінің жергілікті өзін-өзі басқаруының жиыны 2017 жылғы шілденің 25-сі күні өткізілетінін хабарлайды. Жамбыл ауданы әкімінің 2017 жылғы 12 шілдедегі №76-5-76/1521 рұқсат қағазымен бекітіліп өткізілетін жиында қаралатын мәселе: Жергілікті өзін-өзі басқару шотының үнемделген қаражатының жұмсалу бағыттары.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

Учреждению «Медицинский колледж «Ұзынағаш» требуются на постоянную работу:

1. Преподаватели клинических дисциплин:
– врач акушер-гинеколог
– врач-хирург
– врач-терапевт
– врач-терапевт
– врач общей практики

Оплата почасовая от 60000 тенге и выше.

2. Преподаватель истории (магистратура) владеющий казахским и русскими языками.

3. Технички с окладом 40000 тенге.

Обращаться по тел: 8 702 699 94 43, 3-73-20.

Продается СТО

Продается СТО (Станция технического обслуживания)
2 подъемника, комната отдыха работников, комната под офис, туалет, душ. Есть помещения под открытие сопутствующего бизнеса (Столовой, буфета и т.д). обращаться по адресу с.Узынагаш ул.Сатпаева №115 (рядом с районной ветстанцией).

Тел. 8705 603 73 94 Сайлау.

* * *

СДАМ В АРЕНДУ

Действующую парикмахерскую обращаться по адресу и тел:
с.Узынагаш, ул. Карасай батыра № 9 Тел: 8705 603 73 94. Сайлау.

УВАЖАЕМЫЕ ПОТРЕБИТЕЛИ!

ТОО «АлматыЭнергоСбыт» публикует списки потребителей, имеющих задолженность по электрической энергии, по взысканию которой вынесены решения судов:

№ п/п	ФИО потребителя	Дата решения суда	Сумма долга
1.	Сериков Жаркын Жумашевич	21.12.2011	36 863,00
2.	Рыскулов Бахтияр Есимбекович	04.07.2013	22 851,00
3.	Омаров Кайрат Сейткаримович	10.02.2015	29 292,17
4.	Нурланова Нургул Нурадиловна	22.12.2016	8 793,01
5.	Абдибаев Бакит Алимгожаевич	30.03.2017	8 732,00
6.	Абдрахманова Ляйля Шаяхметовна	29.03.2017	11 890,00
7.	Дандибаев Арман Рзаевич	30.03.2017	10 273,00

ТАПСЫРЫС АЛАМЫН

ГАЗ пешін орнатамын, сантехникалық және жылу құбырларын, жылы еден **(теплый пол)** жүргізу жұмыстарын жасаймын. Электрмен дәнекерлеу **(электросварка)** жұмыстары бойынша хабарласуға да болады.

Тел: 87078518758, 87474606295.

ҮЙ САТЫЛАДЫ

Ұзынағаш ауылының орталық көшесінде 1 бөлмелі пәтер сатылады. Газ бен орталық су жүйесіне және интернетке қосылған. Қыста жылы, жазда салқын, тұруға өте ыңғайлы. Көңілдеріңізден шығады.

Телефон: 87477407001.

ЖЕР САТЫЛАДЫ

Қайназар ауылында «Көкдала» көшесі № 30 үйде 10 сотық жер телімі сатылады. Жер телімінің құжаттары түгел. Бағасына келісеміз! **Тел: 8-702-348-29-11; 8-707-437-47-22.**

* * *

Мыңбаев ауылында 10 сотық жер телімі сатылады. Құжаттары түгел, бағасы 800 мың теңге. **Тел: 87078518758, 87474606295.**

Хабарландыру

«Жамбыл Су құбыры» МКК Ұзынағаш ауылындағы жаңа су құбыры жүйесінің іске қосылуына байланысты Сізге алдағы уақытта ескі су құбыры өшетінін ескертіп, **жаңа су құбыры жүйесіне** қосылуыңызды сұрайды. Осы туралы сұрақтар бойынша мына телефонға хабарласыңыздар.

Тел: 2-10-10; 2-10-92;2-35-41.

Объявление

В связи с вводом новой водопроводной сети село Узынагаш ГКП на ПХВ «Жамбыл Су Құбыры» просить жителей села Узынагаш произвести подключение **НОВОМУ ВОДОПРОВОДУ** так как в дальнейшем старый водопровод будет откючаться.

По вопросам подключения обращаться по телефону:

Тел: 2-10-10; 2-10-92; 2-35-41.

ЖОҒАЛҒАН ҚҰЖАТ ЖАРАМСЫЗ...

*** Талап ауылы «Қостүтін көшесі» № 1 үйде тұратын Уразалиев Кадирсиз Сентировичтің атына 1999 жылы 30 желтоқсанда Жамбыл ауданы әкімінің № 12-472 шешімімен берілген уақытша өтеулі ұзақ мерзімді пайдалану құқығы туралы жер телімдерінің кадастрлық нөмірлері 03-045-179-081, № 124667 (6,0000 га), 03-045-179-069, № 124678 (1,5000 га) мемлекеттік актілері жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

*** Қазыбек бек бекеті, Ленинский мост көшесінің тұрғыны Муханова Гибат Айбергеновнаның атына 29.10.2007 жылы берілген Нысандарды пайдалануға беру жөніндегі мемлекеттік қабылдау актінің жер учаскесіне мемлекеттік құқығын беретін нөмірі 03-045-814-352 жылжымайтын мүлік объектісінің мемлекеттік актісі жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

*** Каналиева Перуза Алымбаевнаның атына өзіндік қосалқы шаруашылығын жүргізу үшін берілген Қасымбек ауылы, Тәуелсіздік көшесі, №163 «а» (0,1000 гектар) жердің «Жамбыл ауданының жер қатынастары бөлімі» мемлекеттік мекемесінің 2016 жылғы 20 қазандағы №359-Ө өкімімен 08.06.2017 жылы берілген № 567 уақытша өтеулі жер пайдалану туралы шарты жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

*** Әбілқан Гүлнардың атына 11.12.2015 жылы берілген Самсы ауылы, Т.Сәрсенбеков көшесі № 34 жер телімінің кадастрлық нөмірі 03-045-034-718 (0,1386 га) мемлекеттік актісі мен техникалық төлқұжаты жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

Аудандық «Атамекен» газеті редакциясының ұжымы Жамбыл ауданы бойынша кірістер басқармасы басшысының орынбасары Серікбаева Раушанға ардақты әкесі

ТӨЛЕННІҢ

қайтыс болуына байланысты отбасы мен туған-туыстарының қайғысына ортақтасып көңіл айтады.

• Құрылтайшы:
– Жамбыл ауданының әкімдігі

Меншік иесі: “Жамбыл Атамекен” жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

Директор-бас редактор
Рәтбек ТЕРЛІКБАЕВ

• Газет – 2015 жылғы қарашаның 16-да Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму министрлігі, байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде тіркеліп, мерзімді баспасөз басылымын және ақпараттық агенттікті есепке қою туралы № 15705-Г Куәлігі берілген.

МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ: 040600, Ұзынағаш ауылы, Мақатаев көшесі, 164 «А» үй. Телефондар: бас редактор – 2-44-28, бас редактордың орынбасары – 2-44-29, жалпы бөлім – 2-44-25, есепші – 2-44-27, факс-8 (72770) 2-44-28
Электрондық поштасы: Atameken1932@mail.ru

• Таралымы – 4891 дана. Тапсырыс – 28
• Индексі – 62264. Көлемі – 2 баспа табақ.
• Газет аптасына бір рет, жұма күні шығады.
• Суреттердің сапасына редакция жауапты.

• Жарнама, хабарландыру берушілер оның мазмұны мен мәтіні үшін өздері жауапты.
• Автордың пікірі – редакцияның түпкілікті көзқарасы емес.
• Газет редакцияда компьютермен теріліп, «Алматы – Болашақ» акционерлік қоғамының баспаханасында офсеттік тәсілмен басылады.

Тел: 378-42-00, факс:378-36-76.
Алматы қаласы, Сәбит Мұқанов көшесі, 223 «Б».